

**Ш. ҚҰЛМАНОВА, Б. СУЛЕЙМЕНОВА, Т. ТОҚЖАНОВ**

# МУЗЫКА

Жалпы білім беретін мектептің 1-сыныбына арналған оқулық

# 1

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ұсынған



Алматы «Атамұра» 2021

ӘОЖ 373.167.1  
КБЖ 85.31 я 72  
Қ 74

Оқулық Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі  
бекіткен бастаудың білім беру деңгейінің 1–4-сыныптарына  
арналған «Музыка» пәнінің жаңартылған мазмұндағы  
Типтік оқу бағдарламасына сәйкес дайындалды.

## Шартты белгілер:



– музыканы тыңдау



– әнді орындау



– оқу



– ойын



– тапсырмалар, сұрақтар

### Құлманова Ш. Б. және т.б.

- Қ 74 **Музыка:** Жалпы білім беретін мектептің 1-сыныбына арналған оқулық /Құлманова Ш. Б., Сүлейменова Б. Р., Тоқжанов Т. Т. – Алматы: Атамұра, 2021. – 144 бет.


ISBN 978-601-331-913-1

ӘОЖ 373.167.1  
КБЖ 85.31 я 72

ISBN 978-601-331-913-1

© Құлманова Ш. Б., Сүлейменова Б. Р.,  
Тоқжанов Т. Т., 2021  
© «Атамұра», 2021

## АЛҒЫ СӨЗ



Балақай, сен музыка деген таңғажайып әлемге  
қадам бастың!

Музыка әлемі достарыңмен бірге ән айтуға,  
әртүрлі әуендерді және аспаптардың үнін тыңдалап,  
түсінуге көмектеседі.

Музыка саған көтеріңкі көңіл күй сыйлап, отба-  
сыңды сүюді, Отаныңды қорғауды, қоршаған орта-  
ны музыкалық дыбыстар арқылы тануды үйретеді.

Ғажайып музыка әлеміне қош келдің!

## 1. ӨЗІМ ТУРАЛЫ



### Бөлімнен:

- музыканы талап бойынша тыңдауды және талқылауды;
- әндерді талап бойынша орындауды;
- тыңдаған музыка туралы өз ойынды айтуды;
- сұрыпсалма ойындарға қатысып, білімінді дамытууды

**үйрекесің.**

### Музыкалық сауат:

- композитор;
- ақын;
- әнші;
- хор;
- оркестр;
- дирижёр.

### Музыкалық ұғымдар:

- халық әні;
- күй;
- күйші;
- би.



1-сабақ

## Мен және менің Отаным

1-тапсырма. Тыңдау. Талдау.



 Балалар ақыны Рахат Наурызбаеваның «Отаныма арнаймын» өлеңінен үзінді тыңда.

Ата жолын жалғаймын,

Арманыма самғаймын.

Отаныма сүйікті

Еңбегімді арнаймын.

Өзен, көлім, бұлағым,

Көгорай шалғын, құрағым.

Гүл жайнатып елімді,

Жағамын білім шырағын!

**?! «Менің туған жерім – егемен Қазақстан» деген бейнетаспаны көр. Сұрақтарға жауап бер.**

- Бейнетаспада қандай көріністер бейнеленген?
- Сенің туған өлкенде қандай көрікті жерлер бар?
- Қазақстанның астанасы қалай аталады?

**2-тапсырма.** Орындау.



### **Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні**

*Сөзін жазғандар: Ж. Нәжімеденов, Н. Назарбаев  
Әнін жазған: Ш. Қалдаяқов*

Алтын күн аспаны,  
Алтын дән даласы.  
Ерліктің дастаны  
Еліме қараши!  
Ежелден ер деген  
Даңқымыз шықты ғой.  
Намысын бермеген  
Қазағым мықты ғой!

*Қайырмасы:* Менің елім, менің елім,  
Гүлің болып егілемін,  
Жырың болып төгілемін, елім,  
Туған жерім менің – Қазақстаным!

Ұрпаққа жол ашқан  
Кең-байтақ жерім бар,  
Бірлігі жарасқан  
Тәуелсіз елім бар.  
Қарсы алған уақытты  
Мәңгілік досындей.

Біздің ел бақытты,  
Біздің ел осындар!

Қайырмасы.

?! Мемлекеттік Гимнің ұнтаспаға қосылып, салтанатты түрде орында.

**3-тапсырма.** Суырыпсалма.

 «Танысу»  
(қысқа қайырым)

**Шарты.**

1. Мұғалімнің сұрағына жауап бергенде өз есімінді қалаған әуенге салып, әндетіп айт. Үлгіге қара.

Үлгі:

Мұғалім: **Се - нің е - сі -  
мің кім?**

Оқушы: **Ай - да - на.**

2. Ойынның жалғасы. Қалаған ұрмалы аспабыңмен (*асатаяқ, қоңырау, даңғыра*) сүйемелдеп, өз есімінді әндетіп айт. Партада отырған сыныптастарың шапалақ соғып қайталайды.

**4-тапсырма.** Әнді үйрену.



**Менің Отаным**

Өлеңін жазған: **Б. Ысқақов**  
Әнін жазған: **Ә. Байділдаев**

1. Отан – менің ата-анам,  
Отан – досым, бауырым.



Отан – өлкем, астанам,  
Отан – туған ауылым.

2. Бақыт елі – бұл Отан,  
Бәріне мен иемін.  
Біздің Отан – ұлы Отан,  
Ұлы Отанды сүйемін.

- ?! • Энді мұғалімнің орындауында мұқият тыңда.  
• Эн мазмұнынан түсінгеніңді айт.  
• Эннің бірінші шумағын мұғалімнің көмегімен үйрен.

### **Бағалау.**


- «Менің Отаным» әнін қалай орындаадым?
- Энді орындағанда қандай қыындықтар болды?



2-сабақ

## Өзімді таныстыру

**1-тапсырма.** Сурыпсалма.



### Шарты.

1. Сыныптастарыңмен бірге шенбер құрып тұрындар. Әрбіреуің өз аттарыңды ұрмалы аспаппен сүйемелдең, әр буынды әндептіп айттындар. Мысалы:

Ай - нұр (екі буын)	Ай - дар - бек (үш буын)	Ме - ре - ке (үш буын)	О - рын - ба - сар (төрт буын)
------------------------	--------------------------------	------------------------------	--------------------------------------

2. Мұғалімнің сұрағына жауап бергенде өз есімінді қалаған әуенге салып, әндептіп айт.

**2-тапсырма.** Тыңдау. Талдау. Орындау.

**?** Айналаң шұлы дыбыстар мен музикалық дыбыстарға толы. Бейнетаспаны көр. Сұрақтарға жауап бер.

- Шұлы дыбыстар мен музикалық дыбыстардың айырмашылығы бар ма?
- Шұлы дыбыстар мен музикалық дыбыстарды қай суреттерден байқауға болады?



- «Шулы дыбыстар мен музыкалық дыбыстар» деген жаттығуды сыныппен бірге мұғалімнің талабы бойынша орында.

**Шу-шу, шу-шу, шу-шу, шу-шу, шу-лы ды-быс-тар**  
(жаттығу бір дыбыста сыйырлап айтылады)

**Му-зы-ка, му-зы-ка, му-зы-ка-лық ды-быс-тар**  
(жаттығудың әуені мұғалімнің қалауы бойынша)

- «Музыка» дегенді қалай түсінесің?



## Алтын күз

Музыкасын жазған: С. Еркімбеков



?! Шығарманы басынан аяғына дейін зейін қойып тыңда. Түсінгенінді айтып бер.

- Музыка қандай көңіл күйде орындалды (көңілді, көңілсіз, нәзік, ойлы)?
- Күзді неге «алтын күз» деп атайды?
- Музыканы тыңдағанда көз алдыңа не елестеттің?
- Музыкалық шығарма қандай аспапта орындалды? Суреттерден тауып айт.



**Музыка бір-бірімен байланысқан музыкалық дыбыстардан тұрады.**

**Әдемі үйлескен дыбыстар **әуен** болып шығады.**

## Музыканы дұрыс түсіну үшін:

- басынан аяғына дейін зейін қойып тыңдау;
- музыканың атауына көңіл бөлу;
- музыканы есте сақтау үшін бірнеше рет қайталарап тыңдау керек.

### 3-тапсырма. Эн орындау.

**?! «Менің Отаным»** әнін есіңе түсіріп, қалған екінші шумағын үйрен.

- Энді мазмұнына қарай әндептіп, мәнерлеп, әдемі айтуға тырыс.
- Энді мұғалімнің талабына сай орында. Ұрмалы аспаппен сүйемелде.

### Бағалау.

- «Менің Отаным» әнін қалай орындағадым?
- Энді орындағанда қандай қыындықтар болды?



3-сабак

### Әнші болғым келеді

#### 1-тапсырма. Эн орындау.



### Әнші болғым келеді

Өлеңін жазған: А. Рахметов

Әнін жазғандар: Т. Тоқжанов, Ү. Ерниязов

1. Ел сүйсініп көреді,  
Өлең айтып береді.  
Мен өскенде арманым,  
Әнші болғым келеді.



Қайырмасы:

Жаттап алам өлеңді,  
Аралаймын ел-елді.  
Жақсы оқып сабақты,  
Боламын мен өнерлі.

2. Үйретеді мұғалім,  
Мен де бірден ұғамын.  
Бұлбұл құстай сайраған,  
Әнші болып шығамын.

Қайырмасы.


- ?! Әнді басынан аяғына дейін зейін қойып тында.
- Эн не туралы?
  - Әнді мұғалімнің берген талабына сай үйрен.
  - Хорға қосылып, мәнерлеп, көңілді орында.

## 2-тапсырма. Талдау. Ақпарат іздеу.

Әнді кім шығарады?



композитор



ақын

- Музыкалық шығарманы, әнді кім орындаиды?
- Хор мен оркестрді кім басқарады?



### 3-тапсырма. Шығармашылық.

#### **Әнші бала** (ән-ойын)

Өлеңін жазған: А. Асылбек  
Әнін жазған: Ж. Тезекбаев

Шырқап әнге саламын,  
Тапсанқ, сонда барамын.  
Ал таппасаң, қаламын,  
Сені қосып аламын.

- ?! •** Эн шумағын сыныппен бірге үйрен.
- «Әнші бала» әнін есіце түсіріп, асықпай әндептіп айт.
  - Балалармен бірге сен де шеңберге тұрып, қимыл-қозғалыс жаса: солға адымдау, оңға адымдау, 3 рет қол шапалақтау, кідіріс жасау (төртке дейін санау) және басынан қайталау. Мұны 3 рет қайтала.
  - Осы қимыл-қозғалыстарды қайталай отырып, кідіріс кезінде сен де өз есімінді қосып айт.

#### **Әнді дұрыс, әдемі айту үшін:**

- тұзу отыру немесе тұру;
- бас пен денені тік ұстая;
- иықты төмен түсіру;
- отырғанда екі қолын тізеге қою, тұрғанда төмен түсіру керек.

#### **Бағалау.**

- «Әнші бала» әнін қалай орындағым?
- Әнді орындағанда қандай қыындықтар болды?



4-сабақ

## Менің сүйікті ойыным

**1-тапсырма.** Талдау.

 Сен алғаш рет мектеп табалдырығын аттадың. Білім алуға ұмтыласың. Құнделікті сабаққа да бар ынтаңмен дайындалып жүрсің. Сыныптастарыңмен бірге алған біліміңді дамытуға тырысасың. Жақсы көретін ойындарыңды ойнауды да ұмытпаған шығарсың?

**?! Сұраққа жауап бер.** Мына тапсырмаларды орында:

- Қандай ойындар ұнайды? Атап айт.
- Төмендегі сурет атауларының басқы әріптерін қосып, ойынның атын тауып ал.



**у**

- Жұмбақтарды шеш, дұрыс жауабын табуға тырыс.
  1. Ауыл сыртында сайдада  
Жатыр бір айна.
  2. Орманда сайрайды,  
Сайраудан талмайды.

3. Кезікті бір жануар,  
Үстінде екі тауы бар.
4. Таңмен көзін ашады,  
Әлемге нұрын шашады.

**2-тапсырма.** Ән үйрену.

 **Жұмбақ саусақ**  
(қазақтың халық әні)

Бір дегенім		бұзау
Екі дегенім		ешкі
Үш дегенім		үстел
Төрт дегенім		теке

Бес дегенім		бесік
Алты дегенім		асық
Жеті дегенім		жылқы
Сегіз дегенім		серке
Тоғыз дегенім		түйе
Он дегенім		ожау

### Мұның бәрі – жұмбақ!

?! Энді үйрену барысында мұғалімнің айтқан талаптарын орында.

- Неге бұл әнді «Жұмбақ саусақ» деп атаған?
- Энді мәнерлеп айту үшін не істей керек?

### З-тапсырма. Тыңдау. Талдау.



Аққу

Н. Тілендиевтің күйі



 «Аққу» күйін атақты күйші, композитор Нұрғиса Тілендиев жазған. Композитор күй арқылы көл бетіндегі аққу үнін қайталайды. Биші би арқылы аққудың әдемі қимылын көрсетуге тырысқан.

**?! Бейнетаспада берілген көріністі сыныппен бірге та-  
машала. Сұрақтарға жауап бер.**

- Биші қыз аққуды көрсете алды ма?
- Биге қарап, көз алдыңа нені елестеттің?

**Күй** – домбырада орындалатын музикалық шығарма.

**Би** – дene қимылымен музикалық ырғаққа сай көрсетілетін өнер.

**Халық әні –** халық арасында кең таралған ән. Энді шығарған адамның есімі ұмыт болған.

**4-тапсырма.** Білімінді тексер. Шығармашылық.



### **Музикалық сыйыс**

(дидактикалық ойын)

**Шартты.** Үш топқа бөлініңдер. Берілген сұрақтарға жауап беріңдер. Қай топ дұрыс жауап беріп, тапсырмаларды тез орындаса, сол топ жеңіске жетеді.

1. Шулы дыбыстарды шығаратын заттарды, табиғат құбылыстарын атаңдар. Олар туралы қысқаша түсінік беріңдер.

2. «Музикалық дыбыстарды не арқылы, кім арқылы естуге болады?» және «Музикалық дыбыстарды қай кезде естуге болады?» деген сұрақтарға жауап беріңдер.

3. Кез келген сыныптастыңың атын атап, сөйлемді әндептіп айттыңдар. Мысалы, **«Май-ра келді мек-теп-ке»** деген сөйлемді әндептіп айту.

4. «Менің Отаным» немесе «Әнші болғым келді» әндерінің қалаған біреуін барлығың бірге әдемі, мәнерлеп орындаңдар.

### **Бағалау.**

- «Жұмбақ саусақ» әнін қалай орындағым?
- Энді орындағанда қандай қыындықтар болды?
- «Аққү» биін түсіне алдым ба?

## 2. МЕНИҢ МЕКТЕБІМ



### Бөлімнен:

- музыканы талап бойынша тыңдауды және талқылауды;
- әндерді талап бойынша орындауды;
- музыкалық сауаттылығынды дамытууды;
- тапсырмалар бойынша өз ойынды дамытууды;
- түрлі ойындарға қатысып, білімінді шындауды

үйренесің.

### Музыкалық сауат:

- ырғақ туралы түсінік;
- ноталар ұзақтығы;
- тәмен, орташа, жоғары дыбыстар;
- хор, оркестр, би үйірмесі.

### Музыкалық ұғымдар:

- нота;
- ырғақ;
- марш;
- вальс.



5-сабақ

## Мен және менің мектебім

1-тапсырма. Эн үйрену.



### Біз мектепке барамыз

Өлеңін жазған: Р. Наурызбаева  
Әнін жазған: F. Тамендаров



1. Біз мектепке барамыз,  
Оқып, білім аламыз.  
Мейірімге бөлекен  
Біз бақытты баламыз.


Қайырмасы:

Әжеміз бен атамыз,  
Әкеміз бен анамыз  
Ұрпағымен мақтанар,  
Білімді деп ботамыз.

2. Біз мектепке барамыз,  
Жаңа достар табамыз.  
Бірге оқып сабақты,  
Ажырамас арамыз.

*Қайырмасы.*

- ?! • Энді үйренген кезде әуенін таза орындауға, сөздерін анық, түсінікті айтуда тырыс.
- Эннің бірінші шумағын суреттегі төрт бұрыштарға қарап, биіктігін қолмен көрсетіп үйрен:



- Энді үйренгеннен кейін оқушылармен бірге ұрмалы аспаптармен сүйемелде және ырғақты сана.

## 2-тапсырма. Шығармашылық.




### Сиқырлы дыбыстар

(оыйн)

#### Шарты.

- 1) Мұғалімнің тәмен, орташа және жоғары дыбыстар туралы айтқанын ұғып ал.

Құстар мен жануарлардың суреттерін дауыста-  
рына қарай баспалдаққа орналастыр.



2) Адамның дауысы әртүрлі болады: жіңішке, орташа, жуан. Суреттерде бейнеленген адамдардың арасында кімнің дауысы жуан, орташа немесе жіңішке естілетінін анықтап, өз ойынды айт.



3) Ксилофон (металлофон), қоңырау, даңғыра және тағы басқа музикалық аспаптарды пайдалана отырып, жіңішке, орташа, жуан дыбыстарды көрсет және өз ойынды айт.

4) Мектебінде және отбасында зерттеу жұмыстарын жүргіз. Мысалы: қоңыраудың сыңғырын, сағаттың тықылдағанын, мәшиненің немесе адамдардың дауысын, музика дыбысын ажыратып, өз ойынды айт.

**Музика дыбыстары төмен, орташа, жоғары болады.**

### **Бағалау.**

- «Біз мектепке барамыз» әнін қалай орындағым?
- Энді орындағанда қандай қындықтар болды?
- «Сиқырлы дыбыстар» ойынында қай тапсырма маған түсініксіз болды?



**6-сабақ**

### **Мектептегі достарым**

**1-тапсырма.** Тыңдау. Ән үйрену.



### **Достарым бар**

Өлеңін жазған: А. Рахметов

Әнін жазған: А. Алмағамбетов



1. Мақтанышым – мектебім,  
Саған бақыт – жеткенім.  
Бір сыныпта оқитын  
Достарым бар көп менің.

*Қайырмасы:*

Асқар, Диас, Тұмар-ай,  
Дидар, Әділ, Құралай.  
Білім алып, ән салатын  
Достарым бар мынадай.

2. Дос қадірін білемін,  
Бірге ойнап-күлемін.  
Менің алтын достарым  
Аман болсын тілегім.

*Қайырмасы.*


- ?! •** Әнді үйренген кезде әуенін таза орындауға, сөздерін анық, түсінікті айтуға тырыс.
- Сыныптастарыңың есімінен ырғақ құрастыр. Мысалы: Ай-бек, Сұ-лу-шаш, Құ-дай-бер-ген т.б.
  - Осы ырғақтарды қайтала. Ұрмалы немесе шулы аспаппен (қоңырау, асатаяқ) қосылып орында.

**2-тапсырма.** Шығармашылық.



### «Сиқырлы есімдер»

(оыйн)



Суреттегі сызықтарға қарап, сәйкес келетін балалардың есімдерін тауып ал: Ай-жан, Ке-не-са-ры, Ай-дар-бек. Үрғаққа салып айтып бер. Ұрмалы аспаппен сүйемелде.


**3-тапсырма.** Талдау.



(диадактикалық ойын)

**Шарты.** Мұғаліммен бірге өткен сабақта үйренген «Біз мектепке барамыз» әнінің екінші шумағын мәнерлеп оқы. Әннің әр жолын қол шапалағынмен ақырын сүйемелдеп, ырғақты көрсетуге тырыс.

2. Біз мек-теп-ке ба-ра-мыз,  
Жа-на дос-тар та-ба-мыз.  
Бір-ге о-қып са-бақ-ты,  
А-жы-ра-мас а-ра-мыз.



- Оқушылармен бірге сөздердің орнына сызбадағы ырғақты қол шапалақтай отырып, сол үзіндіні қайта орында.
- Оқушылармен бірге ырғақты түсіну үшін берілген үлгіге қарап жауап бер, айырмашылығын көрсет.

## Бағалау.

- «Біз мектепке барамыз» әнін қалай орындағыңыз?
- Әнді орындағанда қандай қызындықтар болды?
- «Сиқырлы есімдер» ойынында қай тапсырма маған түсініксіз болды?



7-сабак

## Мектеп үйірмесі

**1-тапсырма.** Тыңдау. Талдау.

Мектепте сабақтан тыс уақытта түрлі үйірмелер жұмыс істейді. Мысалы: спорт, театр, әдебиет, сурет салу, қолөнері. Бос уақытыңда ұнаған үйірмеге қатысуға болады. Балалар хор, халық аспаптар оркестрі, домбыра, би үйірмелерін жақсы көреді.

- ?! •**
- Би үйірмесі туралы не білесің? Сұрақтардың жауабын суреттерден тауып ал.
  - Би үйірмесіне кімдер қатыса алады?
  - Би үйірмесін кім басқарады?
  - Би билеу үшін не қажет?
  - Қандай би түрлерін білесің?



заманауи  
би



биші-  
педагог



вальс



халық биі

**2-тапсырма.** Әнді үйрену.

 **Билейік**

Өлеңін жазған: А. Рахметов  
Әнін жазған: С. Еркімбеков



1. Биді жақсы көреміз,  
Бірге билеп береміз.  
Жалын атып, жайнап,  
Бірге күліп-ойнап,  
Біздер өсіп келеміз. } 2 рет

*Қайырмасы:*

Бақытты баламыз,  
Би билей аламыз.  
Өнерлі біз боламыз. } 2 рет

2. Әсем әнде құлағым,  
Мың бұралып тұрамын.

Үйренеміз демде,  
Қара да тұр, мен де  
Биші болып шығамын.

} 2 рет

Қайырмасы.

- ?! • Энді мұғалімнің талабы бойынша үйрен.  
• Әннің ырғағына қарай әдемі би қимылдарын жасап көрсет.  
• Әннің ырғағын қол шапалағынмен ақырын сүйемледе.  
• Әннің (*төмен, орташа, жоғары*) биіктігін қолыңмен көрсет.

Музыкада кездесетін қысқа және ұзақ дыбыстар реттілігі **ырғақты** көрсетеді.

**3-тапсырма.** Тыңдау. Талдау.

### Наркескен би

M. Әубәкіровтің күйіне қойылған би




 Қазақ композиторы, дирижёр, домбырашы Мәлғаждар Әубәкіровтің күйі әсем, жүрдек,

ойнақы болып келеді. Оның ырғағы тыңдаушыны биге шақырғандай әсер етеді. Бұрын бұл күйді орындағанда, ағаштан жасалған бірнеше ботаны жіппен саусаққа байлап, билететін болған.

**?!** 

- Бейнетаспадан «Наркессен биін» тамашала.
- Күйдің ырғағын қол шапалағынмен сал.
- Күйдің негізгі әуенін «ля» буынына сал.
- Сызбадан күйдің ырғағын дұрыс тауып, қолынмен шапалақтап соғып көрсет.



### **Бағалау.**

- «Билейік» әнін қалай орындарым?
- Әнді орындағанда қандай қызықтықтар болды?



**8-сабак**

### **Қызықты тапсырмалар**

**1-тапсырма.** Зерттеу.

#### **Ноталар ұзақтығы**

		<b>Бүтін нота</b>
♩	♩	<b>Жартылық нота</b>



				<b>Төрттік нота</b>	
				<b>Сегіздік нота</b>	
<b>Бір-ге</b>	<b>Екі-ге</b>	<b>Үш-ке</b>	<b>Төрт-ке</b>	Санау	

**Нота** – музыкалық дыбыстардың жазылу белгісі.

- **Бүтін нота.** Оның ортасы боялмаған, ұзақтығы көлемді. Ұзақтығы «бір-ге, екі-ге, үш-ке, төрт-ке» деп саналады.
- **Жартылық ноталар.** Ортасы боялмаған, таяқшасы бар. Бұл ноталардың ұзақтығы бүтін нотаға қарағанда екі есе қысқа.
- **Төрттік ноталар.** Ортасы боялған, таяқшасы бар. Жартылық нотаның ұзақтығынан екі есе қысқа.
- **Сегіздік ноталар.** Ортасы боялған, жалаулы таяқшасы бар. Ұзақтығы төрттік нотаның ұзақтығынан екі есе қысқа.

- ?! •** Мұғалім ойнап берген әуен үзінділерінің ырғағын сана.
- Қандай нота ұзақтығымен жазылғанын айт.
  - Нота ұзақтығын атап, қол шапалағынмен көрсет.

**2-тапсырма.** Талдау. Орындау.

## Жаңбыр

(қысқа қайырым)

Жаң	-	быр,	жаң	-	быр,	<b>жау</b>	-	<b>жаяу.</b>
Кек	би	-	ең	-	ді	<b>cay</b>	-	<b>cay.</b>

**?! Қысқа қайырымынды мұғалім көрсеткен талаптар болынша үйрен.**

- Мұғалімнің қолына қарап, қысқа қайырымынды сыйыппен бірге әндептіп айт.
- Қысқа қайырымын қайталап айтқанда, қол шапалағынмен немесе ұрмалы аспаппен сүйемелде және мәнерлеп орында.

**3-тапсырма.** Тындау. Талдау.

## Жұмбақ ырғақтар

(диадактикалық ойын)

**Шартты.** Сыныппен бірге бейнетаспаларды көр. Мұғалім берген тапсырмаларды ретімен орында.



## Наркескен би

**?! •** Бұл би саған өткен сабактан таныс. Бейнетаспаны қайталап көр. Басты әуенін «ля» буынға салып айтып, ырғағын ақырын қолмен шапалақтап сүйемелде.




## Сағындым Алматымды (ұзінді)

Өлеңін жазған: С. Оспанов  
Әнін жазған: А. Қоразбаев



- ?! • Бейнетаспаны көр. Вальстің ырғағын өз ойынша пластикалық әдемі қимылмен сал.
- Вальс ырғағын қол шапалағыңмен немесе ұрмалы аспаппен ақырын сүйемелде.
- Төмендегі суреттен вальстің ырғағын тауып ал, қолмен шапалақтап көрсет.





## Мен қазақпын

Өлеңін жазған: Н. Өмірбай  
Әнін жазған: Ж. Төлебай



?! •

- Бейнетаспа көрінісі не туралы?
- «Мен қазақпын» әні айтылған кезде сапта жүргуге бола ма?
- Ән қайырмасының ырғағына аяғынды маршпен басып көрсет.

### Қайырмасы:

Мен қазақпын,  
Бойымдағы қан – қазақ.  
Мен қазақпын,  
Мен шырқайтын ән – қазақ.

Бір қазақтың  
Бақыты мен бағына,  
Бар жанымен  
Қуанса екен бар қазақ.

Сапта жүрудің түрін «марш», «шеру» деп айтады.

**Марш** музыкасы көп жағдайда әскери, салтанатты мерекелік шараларда орындалады.

**Вальс** – екі адамның жұптасып билейтін би. Бидің ырғағы көбінесе *бір, екі, үш* саны бойынша саналады.

**4-тапсырма.** Білімінді тексер. Шығармашылық.



### Сиқырлы музыкалық суреттер

(дидақтикалық ойын)

**Шарты.** Берілген суреттер қай музыкалық шығармаға сәйкес екенін айт. Әннің бірінші шумағын әндептіп айтып бер. Күй немесе би музыкасының мазмұны туралы жалпы түсінігінді айтып беруге тырыс.





## Бағалау.

- «Жаңбыр» қысқа қайырымын қалай орындағым?
- Нotalар ұзақтығы туралы қандай түсінік алдым?
- Үрғақ туралы нені түсінбедім?

### 3. МЕНИ ӨТБАСЫМ ЖӘНЕ ДОСТАРЫМ



### Бөлімнен:

- отбасындағы қызықты сәттерді талқылап, музикалық ертегілерді тыңдалап, талдауды;
- достарыңмен пікірлесіп, музикалық сәлем жолдауды;
- үй жануарларының дауыстарын салыстыруды, адамға тигізетін пайдасы жөнінде әңгімеледі;
- ноталардың жазылу ережесі мен орындалуын, дыбыс күшін көрсететін қатты, ақырын, біртіндеп ақырын, біртіндеп қатты белгілерін ажыратуды;
- нотаға қарап әуен айтуды;
- шағын өлең құрастырып, әуен шығаруды

**үйренесің.**

### Музикалық сауат:

- нота сызықтары;
- ноталардың жазылуы;
- ноталардың аталуы мен дыбысталуы;
- соль кілті;
- регистр.

### Музикалық ұғымдар:

- форте;
- пиано;
- шумақ;
- қайырма.



## 9-сабақ

### Отбасылық ертегі

1-тапсырма. Талқылау.



 Адамға ең жақын, ең қымбат – отбасы. Оларға сен еркелейсің, бірге қуанасың. Әдетте, әжелер мен аталар немерелеріне ертегі оқығанды ұнатады. Осындай ертегілердің бірі – «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісі. Ертегі желісін сәл өзгертіп, оған өлең мен ән қосайық.




Өте ерте заманда хайуанаттар жылдың басы болуға таласыпты. Түйе: «Мен ауырды көтеріп, алысқа барамын. Аш болдым деп арпа, су сұрамаймын. Жыл басы болу маған лайық!» – деп кербезденеді.

**2-тапсырма.** Тыңдау. Орындау.



### Түйенің әні

Өлеңін жазған: Р. Наурызбаева  
Әнін жазған: Ш. Құлманова



Түйе, Түйе, Түйемін.  
Жануармын киелі.  
Кім таласар бойыма?  
Жыл басына иемін.

 Сонда қой айтады: «Мен болмасам, қазақ үйін немен жабар еді? Жұнімнен киіз басады, киім тігеді, арқан, жіп еседі. Сүтімнен құрт-май алады. Шаруаға менен пайдалыларың жоқ».

Қоймен бірге еріп келген қошақан да шыдай алмай, өз назын білдіреді.

### Қошақанның әні

Өлеңін жазған: Р. Наурызбаева  
Әнін жазған: Ш. Құлманова



Қошақанымын қойдың,  
Жайылымнан тойдым.  
Жыл басы болуға,  
Кетіп түр ойым.

**З-тапсырма.** Зерттеу.

**?! Ертегіден алған әсеріңмен үш кейіпкердің дауысын сал.**

Түйені жуан (төменгі) қатаңдау дауыспен:

Мен түйемін: «Бө-бө».

Қойды орташа дауыспен:

Мен қоймын: «Бә-бә».

Қошақанды жіңішкелеу, бәсендеу дауыспен:

Мен қошақанмын: «Б-ә-ә, Б-ә-ә».

Сен салған жануарлардың дауысы түрлі биіктікте айтылды. Музыкада осындай тәмен, орташа, жоғары дыбыс биіктігін «**регистр**» деп атайды.

- ?** • Енді осы жануарлардың дауыстарын нотамен айтып көрейік.

Түйе

До До

Қой

Ми Ми

Қошақан

Соль Соль

Әліппені оқу А әрпінен басталса, ноталарды үйрену До дыбысынан басталады. Ноталар бес сзықтың бойына жазылады.

До нотасы – бірінші сзықтың астына жақын қосымша кішкене сзықшаға жазылады:

## Бағалау.

- Қай ертегі кейіпкерінің дауысын дұрыс орындаңып көрсеттім?
- **До, ми, соль** ноталарын анықтауда қандай қындықтар болды?



10-сабак

## Менің достарым

1-тапсырма. Орындау.



**Сәлем, досым менің!**

Өлеңін жазған: А. Рахметов  
Әнін жазғандар: Т. Тоқжанов, Н. Мирманов



Асыр салып, ойнап,  
Бірге құліп, жайнап  
Жүретүғын осындай,  
Достарым бар әйбат.

Биіктерге беттеп,  
Жамандықтан шеттеп  
Жүру үшін өнеге  
Үйретеді мектеп.

Қайырмасы:

Білім тәтті балдан,  
Орындалар арман.  
Достарым бар қарсы алып,  
Құшақ жаяр алдан.

Құрметтейтін елін,  
Ата дәстүр, жерін.  
Біз осындай боламыз,  
Сәлем, досым менің!

- ?! • «Сәлем, досым менің!» әнін тыңдағанда қандай әсер алдың?



- Сыныптастарыңмен бірге дос туралы ойынды айт.
- «Сәлем, досым менің!» әнінің мазмұнына назар аудар, орында.

Музыкалық әуенде де мәнерлеп орындауға болады. Мысалы: қатты, ақырын, біртіндеп қатты, біртіндеп ақырын (бәсендете). Оны арнаулы музыкалық таңбалармен белгілейді. Олар **динамикалық белгілер** деп аталады.

Динамикалық белгілер музыкалық дыбыс күштерін азайту немесе күшету дәрежесін көрсетеді. Музыкалық шығармаларда динамика итальян тілінде белгіленеді.

### Динамикалық белгілер

<b>Айтылуы</b>	<b>Жазылу таңбасы</b>	<b>Қазақша мағынасы</b>
форте	<b>f</b>	қатты, күшті
пиано	<b>p</b>	ақырын, жай

- Эн мәтініндегі сөздерді тәмендегідей талаптар бойынша орында.

<b>piano</b>	Асыр салып, ойнап,
<b>forte</b>	Бірге күліп, жайнап
<b>piano</b>	Жүретүғын осындаі,
<b>forte</b>	Достарым бар әйбат.

**2-тапсырма.** Шығармашылық.

**?** Екі топқа бөлініп, «Сәлем, досым!» ән-ойынына қатыс.

**Сәлем, досым!**

(ән-ойын)



Сә - лем, до - сым, қа - лай - сың?



Жақ - сы, до - сым, жағ - да - йым.

Нота сзықтарында орналасқан нотаның атауын белгілейтін белгі болады. Ол белгіні соль *кілті* немесе скрипка *кілті* деп атайды. Өйткені кілт екінші сзықтағы соль нотасынан бастап жазылады.


Оқулықтағы және бейнежазбадағы кілттің жазылуына назар аудар.

**3-тапсырма.** Сурыпсалма.

**?** • Мектептегі ұстаздарыңмен берілген ноталарға қарап, әуендетіп сәлемдес.



## Сәлемдесу (ән-ойын)



Сә - ле - мет - сіз бе, а - гай!  
Сә - ле - мет - сіз бе, а - пай!

- Балалар, біз сәлемдесу арқылы әрқашан да үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетеміз.

### Бағалау.

- «Сәлем, досым!» әнін қалай орындағым?
- **Фа, ре** ноталарын анықтауда қандай қыындықтар болды?



до ре ми фа соль



11-сабак

### Менің кішкентай достарым

**1-тапсырма.** Зерттеу.

 Балалар! Сендерді ата-аналарың кейде еркелетіп, «қозым», «ботақаным», «қошақаным», «құлыншағым» деп түрлі сүйкімді төлдердің атауымен атайды. Жануарлар мінсе – көлік, ішсе – сусын, жесе – тамақ, кисе – киім. Қазір қолға үйретілген үй жануары көп: қоян, тауық, ит, мысық және тағы басқа. Сондай-ақ өздеріңе таныс көптеген аңдар да бар: барыс, қасқыр, түлкі,

ақбөкен, суыр, тасбақа, тышқан. Олар Қазақстанда  
өте көп.



## «Үй жануарын тауып ал» ойыны



## 2-тапсырма. Тыңдау.

- «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісінің жаңа кейіпкерімен таныс.

### Жылқының әні

Өлеңін жазған: Р. Наурызбаева  
Әнін жазған: Ш. Құлманова



Алысқа шауып барамын,  
Адамның бабын табамын.  
Пайдасы мол Жылқымын,  
Жыл басы мен боламын.

- ?! • Жылқының адамға қандай пайдасы бар?  
• Жылқы әуенінің ырғағын қолыңмен, аспаптармен (қоңырау, барабан) соғып көрсет.

- Суреттегі қай аспап ұрып ойналады?



баян



фортепиано




домбыра



қобыз



барабан



қоңырау

**З-тапсырма.** Орындау. Талқылау.

### Ақ тайлақ

Өлеңін жазған: Ә. Дүйсенбиев  
Әннін жазған: А. Еспаев

Асау тайлақ, ақ тайлақ,  
Мініп келем қақпайлап.  
Желеді ол тайрандалап,  
Жұрт қарайды қайран қап. } 2 рет

Бала біткен шулайды,  
Тайлақ үркіп тулайды.  
«Шөк» дегенді үқпайды,  
Үй маңынан шықпайды. } 2 рет

- ?! • Эннің шумағы мен қайырмасын үйрен.  
• Эннің мазмұнына назар аудар.

- Тайлақ қай жануардың төлі?
- «Жылқының әні» мен «Ақ тайлақ» әнінің ырғақтарының қайсысы әнге, қайсысы марш ырғағына жақын?

### Бағалау.

- Қай әнді жақсы сипаттай алдым?
- «Ақ тайлақ» әнін орындауда қандай қындықтар болды?



12-сабак

### Көңілді оқиға

**1-тапсырма.** Талқылау. Орындау.



 Асан ағасымен ауылдағы ата-әжесіне қыдырып барады. Атасының үйінде мысықпен, аула-

дағы ит және қоразбен достасып үлгереді. Құнде таңертең мысық, ит, қораз Асанның тамақ беруін күтеді. Бір күні Асан қатты шаршап, ұйықтап қалады. Таңертең қарны ашқан қораз Асанды «қо-қо-қо-қоқ» деп шақырады. Асан оған ояна қоймайды, ит те «аф-аф» деп үреді. Оларды көрген мысық Асанның қасына келіп, «мияу» деп оятады.

Талқылаған оқиғаны өлеңге айналдырып көрейік.



## Ырғақты ойын

*Музыкасын жазған: Н. Мирманов*

Асан ұйықтап жатты,  
Оның ұйқысы қатты.  
Таңертеңнен достары  
Оны оятып жатты.  
Қораз тұрды қоқылдап,  
Қоқ-қоқ-қоқ.  
Ит үреді абалап,  
Аф-аф-аф.  
Тұрмаған соң қасына,  
Мысық келді мияулап,  
Мияу-мияу.

- ?! •** Өлеңді оқыған кезінде қолынды тізеңе ақырын соғып отыр.  
• Оқиға желісін өлеңге аударғанда ырғақ пайда болғанын байқадың ба? Үрғақ өлеңде де, музыкада да болады.

## 2-тапсырма. Орындау.

**?! «Ырғақты ойын» өлеңін әуеніне қосып орында.**

Төрт топқа бөлініңдер. Қораздың, иттің дауысын салатын топтар қол шапалағын (1-ге, 2-ге) соғып отырады:

- *Bірінші top* – «Ырғақты ойын» өлең жолдарын әуенге қосып орындайды.
- *Екінші top* – ойын әуенінің ырғағын қолдарымен немесе ұрмалы аспаппен соғады. Қораздың дауысын салады.
- *Үшінші top* – ойын әуенінің ырғағын қолдарымен немесе ұрмалы аспаппен соғады. Иттің дауысын салады.
- *Төртінші top* – ойын әуенінің ырғағын қолдарымен немесе ұрмалы аспаппен соғады. Мысықтың «мияу» деген дыбысын ғана салады (1, 2, 3-ке соғып орындайды).

## 3-тапсырма. Шығармашылық.

**?! Екі топқа («Ертегішілер», «Достық») бөлініңдер.**

- «Ертегішілер» тобы өзіне ұнаған музыкалық ертегі немесе оқиғалардан көрініс қояды.
- «Достық» тобы «Сәлем, досым!» әнін мәнерлеп орындайды.

## Бағалау.

- «Ырғақты ойындағы» қай кейіпкердің әуенін жақсы орыннадады?
- Қай кейіпкердің әуенінің ырғағын орындауда қыындықтар болды?

## 4. БІЗДІ ҚОРШАҒАН ӘЛЕМ



### Бөлімнен:

- қоршаған әлеммен танысып, табиғат құбылыстарын талқылауды;
- ая аяның бақылап, жаңбыр тамшыларын ырғақпен көрсетуді;
- бұлақ сүлдірыны музыка арқылы қызықтауды;
- судың, теңіз толқынының қозғалысын сипаттауды;
- музыка арқылы берілген табиғатты суреттеуді

**үйренесің.**

### Музыкалық сауат:

- музыкалық аспап;
- ұрмалы аспап;
- сегіздік, төрттік ноталар;
- *ля, си* нотасы;
- сүйемелдеу.

### Музыкалық ұғымдар:

- күйші-композитор;
- сүйерсепталма;
- крещендо;
- диминуэндо;
- шулы аспап.



13-сабақ  
**Aya райы**

**1-тапсырма.** Музыка тыңдау. Талқылау.

 **Жаңбыр**

Музыкасын жазған: *Б. Аманжолов*



**?** Саған қандай ауа райы үнайды?

- Суреттерде табиғат пен ауа райының қандай құбылыстары бейнеленген?
- Тыңдаған музыкаң суреттердің қайсысына жақын?

**2-тапсырма.** Орындау.

 **Жаңбыр**  
(ағылшын әні)

Әлеңін жазған: *Т. Тоқжанов*

- Жаңбыр, жаумай, тоқтай тұр,  
Айналаңа қарай тұр.



Асан доппен ойнасын,  
Үсті су боп қалмасын.

2. Жаңбыр, жаумай, тоқтай тұр,  
Айналаңа қарай тұр.  
Айгүл гүлдер жинасын,  
Үсті су боп қалмасын.

**?! «Жаңбыр»** әнін сөзімен қосып орында.

- «Жаңбыр» әнінің екі жолын нотамен орында.



Жаң - быр, жау - май, тоқ - тай тұр, Ай - на - ла - на қа - рай тұр.

- *Ля* нотасы нешиңші сзықтар арасында орналасқан?



### 3-тапсырма. Шығармашылық.

- «Жаңбыр» әнінде айтылатын балалар есімдерінің орнына өзіңнің немесе сыныптастарыңың есімдерін қойып орында.

- «Жаңбыр» әнін сүйемелде.

<b>Жаң</b> - <b>быр,</b>	<b>тоқ</b> - <b>тай</b>
<b>жау</b> - <b>май</b>	<b>тұр</b>

The first staff (yellow bell pepper) has two blue squares on the top line. The second staff (maraca) has five blue circles on the middle line. The third staff (triangle) has three blue dashes on the bottom line.

### **Бағалау.**

- «Жаңбыр» әнін орындауда қандай тапқырлық көрсете алдым?
- Әнді сүйемелдеуде қандай қыындықтар кездесті?



**1-тапсырма.** Тыңдау.



Музыкасын жазған: М. Сағатов

 Бірде шағын ауылда таудағы тастар құлап, кішкене бұлақтың көзін жауып тастайды. Бір тамшы су қашып құтылып, не болса да бауырларын құтқаруға бел буады. Ол Күннен, бұлттан, жеден көмек сұрап, адамдарға жеткізуін өтінеді.



Көмекке келген адамдар бұлақтың көзін ашып, су тамшыларының қуанышын қызыға бақылайды.

- ?! • Тыңдаған музықадан бұлақ ағысы мен сылдырын естідің бе?**  
• Мақалдардың мәнін сыныптастарыңмен талқыла.

1. Бұлағы болмаса, өзен де сарқылар.
2. Бұлақ көрсөн, көзін аш.
3. Бұлаққа бұлақ қосылса, «егізбіз» дейді,  
Көлге көл қосылса, «теңізбіз» дейді.

**2-тапсырма.** Зерттеу.



Тынық күйде айнала,  
Толқиды теңіз жай ғана.



Жылы самал жел келді,  
Толқынды теңіз тербелді.



Асау толқын шайқалды,  
Тасқындалап, буырқанды.

- ?! • Суреттер мен өлең жолдарына назар аудар.**
- Суретте теңіздің қандай күйі бейнеленген деп ойлайсыңың?
  - Теңіздегі толқынның үш күйдегі қалпына сәйкес келетін динамикалық белгілерді ата (крещендо, диминуэндо).

### Динамикалық белгілер

Айтылуы	Жазылу таңбасы	Қазақша мағынасы
крещендо	↙ ↘	бірте-бірте күшайте
диминуэндо	↖ ↗	бірте-бірте ақырын

**3-тапсырма.** Орындау.
 **Сылдыр бұлақ**

Өлеңін жазған: А. Рахметов  
Әнін жазғандар: Т. Тоқжанов, Ү. Ерниязов

- |  |   |
|--|---|
| 1. Сылдыр қағып бұлағым,<br>Жағасында құрағым.<br>Асыр салып ойнаймын,<br>Басып шалғын, құрағын. | 2. Тазарады пейілің,<br>Ашылады зейінің.<br>Табиғаты тамаша,<br>Баурайды бір мейірім. |
|--|---|

**Қайырмасы:**

Мөлдір сүс жылғалап,  
Аққаны әсем, жылдам-ақ.  
Барлық бала айнала,  
Тамашалап жүр қарап.

- ?! •** Әннің бірінші шумағы мен қайырмасын үйрен.  
• «Сылдыр бұлақ» әнінің қайырмасындағы бірінші жолының нотамен жазылуын бақыла.



Mel - dir su - y жыл - га - лап  
Ля ля ля си до ля соль

- *Ля* нотасынан кейін келетін *си* нотасы нешінші сзыққа жазылады?


**Бағалау.**

- Теңіздеңі толқынның үш күйдегі қалпының қайсысын дұрыс көрсеттім?
- «Сылдыр бұлақ» әнін қалай орындарым?
- **Ля, си** ноталарының жазылуы туралы не білдім?



15-сабак

## Музыкадағы табиғат суреті

1-тапсырма. Тыңдау.

### Сарыарқа

Құрманғазының күйі



?

- Тыңдаған музикалық шығармадан алған әсерінे жақын суретті таңда. Неліктен оны таңдағаныңды сыныптастарыңмен талқыла.

 «Сарыарқа» күйін қазақтың ұлы күйші-композиторы **Құрманғазы Сағырбаев** шығарған.



 **Таң**

Музыкасын жазған: Эдвард Григ



**?! Көзінді жұмып, таңғы уақытты елестет.**

- Музыкадағы атқан таңды суреттейтін дыбыс күшін динамикалық таңбалар арқылы көрсет.

 «Таң» музыкалық шығармасын белгілі норвег композиторы **Эдвард Григ** жазған.



**2-тапсырма.** Зерттеу.

**?**! «Сарыарқа» мен «Таң» музыкалық шығармаларында көп қолданылған музыкалық аспаптарды ата.



**Домбыра** – қазақтың ішекті музыкалық аспабы.



**Флейта** – үрлеп ойнайтын музыкалық аспап.

**3-тапсырма.** Орындау.

«Сылдыр бұлақ» әнінің екінші шумағын қайтала.

**Бағалау.**

- «Сарыарқа» мен «Таң» музыкалық шығармаларында қолданылған аспаптардың қайсысын дұрыс көрсете алдым?



16-сабақ

## Жаңа жылға сый

1-тапсырма. Орындау.



 Жыл сайын отбасың, достарың жаңа жылды асыға күтеді. Өзің де мектептегі Жаңа жыл мере-кесіне жаңа ән, жаңа би дайындаисың.



### Шырша әні

Өлеңін жазған: Ә. Дүйсенбиев  
Әнін жазған: Л. Хамиди

1. Аппақ, аппақ, жапалақтап,  
Қар жауады тынbastan.

Қалың орман қар жамылған,  
Маужырайды түнгі аспан.

2. Кең пейілді, мол мейірлі,  
Сағынышпен табысқан.  
О, алақай, Аяз атай  
Келе жатыр алыстан!
3. Кел, билейік, үйренейік,  
Ол келгенше жаңа жыр.  
Құтты болсын, құтты болсын,  
Құтты болсын Жаңа жыл!

**?! «Шырша әнін» сыныптастарыңмен бірге орында.**

**2-тапсырма.** Тыңдау. Орындау.

### **Бала тілегі**

Өлеңін жазған: О. Сәндібек  
Әнін жазғандар: Т. Тоқжанов, Ү. Ерниязов

1. Гүл жайнаған осы елім,  
Бақытты өмір кешемін.  
Ата-анамды қуантып,  
Ақылды болып өсемін.

**Қайырмасы:**

Мен – анамның Ай-Күні,  
Мен – әкемнің байлығы.

Биши болам белгілі,  
Әнші болам әйгілі.

Би билеймін, ән салам,  
Қызықтасын барша адам.  
Мен ертең-ақ жетемін  
Арманыма аңсаған.

2. Мен інімді ерекше,  
Өте жақсы көремін.  
Алыс кетсем, сағынып,  
Тез-ақ жетіп келемін.

*Қайырмасы:*

Мен – анамның Ай-Күні,  
Мен – әкемнің байлығы.  
Биши болам белгілі,  
Әнші болам әйгілі.

Би билеймін, ән салам,  
Қызықтасын барша адам.  
Мен ертең-ақ жетемін  
Арманыма аңсаған.

**?! «Бала тілегі» әнінің бірінші шумағын үйрен.**

**3-тапсырма.** Шығармашылық.

**?! Суреттер көрмесіне қарап, музикалық шығармалардың атын есіңе түсір.**

**4-тапсырма.** «Әуендең тап» ойыны.

Шыршаларда ілінген ойыншықтар түріндегі ноталарды әуендетіп, таныс әндерінді тап.



## 5. САХАТ



### Бөлімнен:

- музыканы талап бойынша тыңдауды және талқылауды;
- әндерді талап бойынша орындауды;
- музыкалық сауаттылығынды дамытуды;
- тапсырмалар бойынша өз ойынды айтуды;
- түрлі ойындарға қатысып, білімінді шыңдауды

үйренесің.

### Музыкалық сауат:

- музыкадағы табиғат бейнесі;
- екпін;
- динамикалық белгілер.

### Музыкалық ұғымдар:

- баяу екпін;
- орташа екпін;
- жылдам екпін;
- дыбыс биіктігі.



17-сабақ

## Музыкалық серуен

**1-тапсырма.** Тыңдау. Талдау.

**?! Сыныппен бірге «Орман музыкасы» деген бейнетас-паны тамашала. Сұрақтарға жауап бер.**

- Сен орманда болдың ба?
- Бейнетаспа не туралы?
- Бейнетаспаның аты мазмұнына сай ма?
- Жаңа әнмен таныс және үйрен.

**2-тапсырма.** Тыңдау. Орындау.

### **Орманға серуен** (ән-оыйын)

Өлеңін жазған: А. Асылбек  
Әнін жазған: Ә. Бұшікова



Жарқын жаз болғанда,  
 Барамыз біз орманға.  
 Бәрі бар ол маңда.  
 Тамаша көп, таңданба,  
 Әсем әнге саламыз,  
 Әні керемет!  
 Ол не?

- Көкек, – деп балалар 5 рет қайталайды (одан кейін музыка ойналады).
- Ол не?
- Тоқылдақ, тоқылдақ, тоқылдат, – дейді балалар. Одан кейін «Тоқ-тоқ-тоқ-тоқ», – деп 6 рет қарындашпен партаны тықылдатады (музыка арасында, ортасында және аяғында қағыстарын қайталайды).

- ?! •**
- Энді үйрену барысында мұғалімнің көрсеткен сөздерін топпен бірге қосылып айт.
  - Энді сахналық көрініс түрінде орында.
  - Эн-ойын «орман музыкасын» жеткізе алды ма?

**3-тапсырма.** Жаттығу.



### Сағаттың тіліндей

(жаттығу)

Сағаттың тіліндей иіліп онға бір,  
 Сағаттың тіліндей иіліп солға бір.  
 Оң аяқ, сол аяқ, оң аяқ, сол аяқ,  
 Жаттығу оңай-ақ, жаттығу оңай-ақ.

## ?! Жаттығуды үйрен.

- Сөзін анық, мәнерлеп, әуенін таза айт, ноталар биіктігін қолыңмен көрсет.
  - Жаттығуды үйренгеннен кейін, көрсетілген қимылдарды сыныппен бірге орныңнан тұрып жаса.
  - Жаттығуды асатаяқ аспабымен сүйемелде.

Бағалау.

- «Орманға серуен» ән-ойынын қалай орындарым?
  - Ән-ойынды орындағанда қандай қызыңдықтар болды?
  - Қай тапсырманы сәтті орындарым?



18-сабак

## Көңілді пойыз


## **1-тапсырма.** Зерттеу.



 Пойызбен сапарға шығу өте қызық. Әсіресе демалыс (каникул) кезінде ата-анаңмен бірге әдемі, ғажайып жерлерге саяхаттаған жақсы.

**?**

- Пойыздың қандай түрі бар?
- Сыныппен бірге бейнетаспаны көріп, ойыңды айт.
- Тәмендегі суреттерге сәйкес сөздерді сөздіктен тауып ал, ойыңды айт.



### Сөздік

вагон	паровоз
вокзал	пойыз
жолаушы	тепловоз
машинист	электровоз

### 2-тапсырма. Әнді үйрен.

**Пойыз**  
(ән-оыйн)

Өлеңін жазған: И. Сапарбаев  
Әнін жазған: Ж. Тұрсынбаев

1. Қындықтан, қындықтан қашпайық,  
«Пойыз» ойын, «пойыз» ойын  
ойнайық! – 2 рет

Бип-бип, бип-бип, бип...



2. Мен тепловоз, тепловоз аталам,  
Астанаға, астанаға бет алам. – 2 рет  
Бип-бип, бип-пыш. – 4 рет
3. Бірте, бірте, бірте, бірте тездейміз,  
Тез жетуді, тез жетуді көздейміз. – 2 рет  
Оо! Оо! О!
4. Көп қаладан, көп қаладан өтеміз,  
Астанаға, астанаға жетеміз.  
Тез жетуді, тез жетуді көздейміз. – 2 рет  
Оо! Оо! О!
5. Қызық болды-ау, қызық болды-ау, кеп қалдық.  
Енді жайлап, енді жайлап тоқталық. – 2 рет  
Бип-бип, бух-бух, пыш!

**?!** Энді мұғалім талабы бойынша үйрен.

- Эннің мазмұнына және көніл күйіне қарап, сынып-пен бірге мәнерлеп айтуға тырыс.
- Бірінші шумақтың «Қыындықтан, қыындықтан қашпайық», «Бип-бип, бип-бип, бип» деген сөздердің ырғағын қолмен шапалақтап немесе қарындашпен тықылдатып көрсет.

**3-тапсырма.** Талдау.

### Музықадағы екпін



Композитор шығарманың мазмұнын тыңдармандарға жеткізу үшін музыкалық көркемдеуіш құралдарды пайдаланады. Сен бірінші тоқсаннан бастап осы көркемдеуіш құралдарға жататын дыбыс биіктігі (жоғары, орташа, төмен), дыбыс ұзақтығы, дыбыс бояуы (тембр) және ырғақ туралы түсінік алдың. Музыканың көркемділігін байытатын тағы бір құрал – **екпін**.

**Екпін** музыкалық шығарманың орындалу кезіндегі жылдамдықты көрсетеді. Екпін **баяу, орташа, жылдам** болады.

**?!** «Пойыз» әнін тағы бір рет басынан аяғына дейін зейін қойып тыңда. Эннің әр шумағының орындалуына және өлеңнің мазмұнына көніл бөл.

Сұрақтарға жауап бер, ойынды айт.

- Қай шумақ қандай **екпінде** орындалды?
- Энде қандай динамикалық белгілер бар?
- Эннің мазмұны не туралы?

**Бағалау.**

- «Пойыз» ән-оыйнын қалай орындағыдым?
- Ән-оыйнды орындағанда қандай қыындық болды?
- Сабакта өткен көркемдеуіш құралдар жаңа ән үйренимі және орындаудың қалай әсер етті?



19-сабақ

**Атпен серуендеу****1-тапсырма.** Орындау. Ақпарат іздеу.

**?! «Пойыз»** әнін есіңе түсіріп, қайтала және сыныппен бірге көркемдеуіш құралдарды пайдаланып, мәнерлеп айт.

- Сөзжұмбақты шеш, сабакта үйренетін әннің атына сәйкес келетін сөздерді тізімнен тауып, орындарына қой.

K	Y	L	Y	N	SH	a	K
		K		p		a	
H			K		a		3

1. ата
2. үл
3. лақ
4. нар
5. шана
6. құлын
7. қымыз
8. ырғақ

**2-тапсырма.** Әнді үйрен.



## Құлыншағым

Өлеңін жазған: А. Әбішев

Әнін жазған: С. Еркімбеков

Қазақ тіліне аударған: С. Қалиев



1. Ерке құлыншағым құлдыраңдап шабады,  
Желден озып, жарысып, жұлдыз болып ағады.  
Тұяғының дүбірінен құрбақалар шулайды,  
Құлақ түріп, кішкентай құлыншағым тулайды.

*Қайырмасы:*

Құлыншағым, құлыншағым, құлыншағым, и-һо-о!  
Құлыншағым, құлыншағым, құлыншағым, и-һо-о!

2. Кісінеме, құлыным, оятасың маңайды,  
Тұнгі аспанда саған Ай қызығып қарайды.

*Қайырмасы.*

- ?!** Әннің қайырмасын мұғалім талабы бойынша үйрен.
- Көңіл күйіне қарай сыныппен бірге мәнерлеп айт.
  - Әннің ырғағын қол шапалағыңмен соғып, топпен орында.

**З-тапсырма.** Тыңдау. Талдау.

### Қара жорға

(қазақтың халық күйі «Қара жорға» қойылған би)



- ?! Бейнетаспадан «Қара жорға» биін тамашала.**
- Күйді тыңда, оның әуені, ырғағы, екпіні туралы өз ойынды айт.
  - Ат үстінде келе жатқаныңды елестетіп, күйдің әуенінен қарай денеңмен әртүрлі қозғалыстар жаса және өз ойынды айт.

### **Бағалау.**

- «Құлыншағым» әнін қалай орындарым?
- Энді орындағанда қандай қындықтар болды?
- «Қара жорға» биін билегенде қай тапсырманы дұрыс орындаі алмадым?



20-сабак  
**Жайлауға сапар**

**1-тапсырма.** Талдау.

?! Сыныппен бірге «Асы жайлауы» деген бейнетаспана тамашала. Есте қалған көріністерді әңгімелеп айт. Сұрақтарға жауап бер.

- Бейнетаспада жылдың қай мезгілі көрсетілген?
- Адамдар қандай тіршілік жасап жүр?
- Жайлауда жайылып жүрген үй жануарларын ата.
- Тігілген киіз үй бар ма?
- Жайлауда сен не істер едің?

**2-тапсырма.** Тыңдау. Талдау.

**Жайлауда**

M. Хамзиннің күйі



?! • Сұрақтарға жауап бер.  
• Күй қандай көңіл күйде орындалды?  
• Қай түстер шығарманың көңіл күйін сипаттайты?



**3-тапсырма.** Шығармашылық.
**«Жайлауға барамын»**  
 (онын)

**Шарты.** Оқушылар төрт топқа бөлінеді. Әр топ жайлауға жету үшін көлік таңдайды. Мысалы, бірінші топ пойызбен барады. Екінші топ мәшинемен жетеді. Үшінші топ атқа мінеді, ал төртінші топ жаяу барады.

Әр топ жайлауға қалай жеткені туралы қызықты әңгіме құрастырып, сахналық көрініс арқылы таныстырылым жасайды.

Әр топ өздерінің музыкасын ойнатады. Жүріс **екпінін** (үлестірмелі қағаздарды пайдалана отырып) көрсетеді: **жай, асықпай, жылдам, өте жылдам**.

Таныстырылым жасау барысында оқушылар музыкалық шулы аспаптарды, дереккөздерден алынған материал, пантомима, би мен таныс әндерді пайдалана алады.

**?! «Саяхат»** тақырыбының соңғы сабағы болған соң, барлық үйренген әндер шағын концертте қайталаңды.

Талаптары:

- Әндерді әндетең, анық айту керек.
- Ұжыммен бірге ән айтқанда бір-бірін тыңдап, мұғалімнің дирижёрлік қимылдары бойынша орындау қажет.

**Бағалау.**

- Әндерді қалай орындағы?
- Әндерді орындағанда қандай қындықтар болды?

## 6. САЛТ-ДӘСТҮР ЖӘНЕ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ



### Бөлімнен:

- музыканы талап бойынша тыңдауды, талқылауды, зерттеуді;
- әндерді талап бойынша мәнерлі орындауды;
- музыкалық сауаттылығынды дамытуды;
- тапсырмалар бойынша өз ойынды айтуды;
- түрлі ойындарға қатысып, білім алууды;
- халық музыкасы туралы түсініктерді

үйренесің.

### Музыкалық сауат:

- тұсаукесер;
- төрт түлікке арналған әндер мен күйлер;
- аңыз;
- ертегі.

### Музыкалық ұғымдар:

- тембр;
- домбыра;
- орындаушы;
- тыңдаушы.



21-сабак

## Балаларға арналған әндер

**1-тапсырма.** Тыңдау. Талдау.

 Қазақ халқының өмірінде ән мен күй ерекше орын алады. Музыка арқылы біз ата-бабамыздың тұрмыс-салтын білеміз. Музыка адамдардың туған жерге, табиғатқа деген махаббатын жеткізеді. Халқымызда балаларға арналған ән көп. Осындай әндердің бірі – «Бала уату».

### Бала уату

(қазақтың халық әні)



Әлди-әлди, бөпем-ай,  
 Әлди әнге салам-ай.  
 Әлди әнге мен салсам,  
 Бөпем ұйықтап қала ма-ай?..

**?! Бейнетаспадағы көріністі мұқият қарап, әнді тыңда.**

- Әнді тыңдағанда әуеніне, сөзіне көңіл бөл.
- Өз түсінгеніңді айтып бер.

 Өмірге жаңа келген сәбиге ата-анасы мен жақындары шілдехана тойын жасайды. Жастар жиналышп, ән айтып, күй тартады, әртүрлі ойындар ойнайды, уақытты көңілді өткізеді. Келген қонақтар «баланың бауы берік болсын» деп тілек білдіреді.

**Шілдехана – дүниеге келген нәрестеге жасалатын алғашқы той.**

**2-тапсырма.** Әнді үйрену.

 Сәби бір жасқа келгенде аяғын қаз басады. Оған: «Тез жүріп кетсін!», «Жүйрік болсын!», «Бақытты болсын!» – деп жақсы тілектер айтады. «Тұсаукесер» тойын өткізеді. Баланың аяғына ала жіп байлап, тұсауын кеседі. «Тұсаукесер» жыры айтылады.



## Тұсаукесер жыры (қазақтың халық әні)



1. Қаз-қаз, балам, қаз, балам,  
Қадам бассаң, мәз болам.  
Күрмеуіңді шешейін,  
Тұсауыңды кесейін.
2. Қаз-қаз, балам, қаз, балам,  
Тақымыңды жаз, балам.  
Қадамыңға қарайын,  
Басқаныңды санайын.

**Тұсаукесер** – бала алғаш қадам басқанда тез жүріп кетсін деп жасалатын ырым.

**?! «Тұсаукесер жыры»** әнін тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

- Сәбидің тұсауын кім кеседі?
- Тойда ән, би, ойындар өткізіле ме?
- Сыныппен бірге кестеге қарап, әнді үйрен, мұғалімнің талаптарын орында.

ля ля  
соль соль соль соль  
до  

**Қаз - қаз, ба - лам, қаз, ба - лам,**

соль соль соль  
фа фа фа  
ми  

**Қа - дам бас - саң, мәз бо - лам.**

**3-тапсырма.** Шығармашылық.



**Кімнің дауысы?**

(дидақтикалық ойын)

**Шарты.** Ойын алдында мұғалім сендерге бес түрлі үлестірмелі қағаз таратады. Әр үлестірмелі қағазда *сәби*, *қыз*, *ана*, *әке*, *әженің* суреті салынған. Үнтаспаға жазылған адам дауыстары қосылады. Естіген адамыңың дауыс бояуына қарай үлестірмелі қағазды көтересің және өз ойынды айтасың. Ойынның соңында мұғалім «тембр» деген сөзге түсінік береді.

**Тембр** – адам дауысының немесе музикалық аспап үнінің ерекшелігі.

**Бағалау.**

- «Тұсаукесер жыры» әнін қалай орындаадым?
- Әнді орындағанда қандай қыындықтар болды?



22-сабак

## Төрт түлікке арналған әндер мен күйлер

**1-тапсырма.** Тыңдау. Талдау.



Ежелден қазақ халқының өмірінде төрт түлік үлкен орын алған. Төрт түлікке *түйе*, *жылқы*, *қой*, *сиырды* жатқызыған. Халық оларды қадірлеп, көптеген өлең, ақыз-ертеғілер, мақал-мәтелдер мен жұмбақтар арнаған. Өз сезімін ән мен күй арқылы да жеткізген.

Осындай әндердің бірі – «Малды төлін емізуге шақыру» және «Малдың төлдеуін қалай атайды?».

**?! Эндерді мұғалімнің көмегімен тыңда және пікірінді айт.**

- Эндер не туралы?
- Сыныппен бірге «Төрт түлікпен танысу» бейнетас-пасын көріп, өз ойынды айтып бер.

**2-тапсырма.** Әнді үйрену. Шығармашылық.



### Малдың төлдеуін қалай атайды?

(қазақтың халық әні)

Бие құлыштайды,  
Қой қоздайды,

Ешкі лақтайды,  
Түйе боталайды,  
Сиыр бұзаулайды,  
Төлдер молаяды.

**?! Алдымен әнді мұқият тыңда. Мұғалімнің талаптарын орында.**

- Сыныппен бірге әндетіп, көркем орындауға тырыс.
- Торкөздерден төлдердің атауын тап:

6				у		қ			ы			6			а		қ			н
---	--	--	--	---	--	---	--	--	---	--	--	---	--	--	---	--	---	--	--	---



### Малды төлін емізуге шақыруу (қазақтың халық әні)



Биені құраулап, түйені көс-көстеп,  
Сиырды аухаулап, ешкіні шөрелеп  
Шақырып аламыз, сауамыз, бағамыз.

**?! Алдымен әнді зейін қойып тыңда. Әннің көңіл күйі қандай?**

баяу	көңілді	мұнды	қуанышты	ойнақы
------	---------	-------	----------	--------

- Әнді көркем, мәнерлеп, сөздерін анық айт.
- Әнді ойын түрінде сыныппен бірге орында.



### **Малды төлін емізуге шақыру (оыйын)**

**Шарты.** Ойын алдында мұғалім сыныпты екі топқа бөледі. Бірінші топ әннің жолдарын айтады. Екінші топ жауап ретінде қайталайды. Әннің соңы бірге айтылады.

Үлгі:

<i>Bірінші топ</i>	<i>Екінші топ</i>
Биені құраулап,	Құрау, құрау, құрау.
Түйені көс-көстеп,	Көс-көс, көс-көс.
Сырды аухаулап,	Аухау, аухау, аухау.
Ешкіні шөрелеп	Шөре, шөре, шөре.
Шақырып аламыз,	
Сауамыз, бағамыз.	

**З-тапсырма.** Тыңдау. Талдау.



### **Тепеңкек (қазақтың халық күйі)**

Аңызды тыңда.

Ертеде бір кедей жігіттің жалғыз аты болған екен. Бір күні үлкен тойда жігіт атын бәйгеге қосады.



Бәйгеден келер аттардың жолын тосқан жігіт дөң басына шығып, бір күй шертеді. Күйде Тепеңкөкті:

– Айт-шу, Тепеңкөк!  
Айналайын Тепеңкөк,  
Кекіліңе болайын,  
Құлтеленген жібектей, –

деп мақтайды.

Күйді естіген Тепеңкөктің бойына күш бітіп, сайгүліктерді артта қалдырып, бірінші болып келген екен. Кедей жігіттің Тепеңкөгі бәйгеден озып шығып, мереійі үстем болыпты.

**?! Күйді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.**

- Күй қандай көңіл күйде орындалды?
- Қай түстер күйдің көңіл күйін сипаттайды?



**Бағалау.**

- «Малдың төлдеуін қалай атайды?» әнін қалай орындаадым?
- Энді орындағанда қандай қыындықтар болды?



23-сабак

**Музыкадағы халық  
оыйндары**

**1-тапсырма.** Зерттеу. Талдау.



Ата-бабамыздан қалған асыл мұраның бірі – ұлттық оыйндар. Халқымызда алуан түрлі оыйндар бар. Соның ішінде балаларға арналған оыйндар да жеткілікті.

**?!**

- Ойын дегеніміз не?
- Қандай оыйндарды білесін?
- Бейнетаспадан «Ұшты-ұшты» ойынын тамашала.



**Ұшты-ұшты**

(ойын)

**Шарты.** Ойын басында оқушылардың арасынан бастаушы сайланады. Сен және сыныптастарың өз орындарында отырып, бастаушының сөзін қалт жібермей бақылап отыруларың керек. Ұшатын зат айттылатын болса, сол сәтте қолыңды жоғары көтересің. Ұшпайтын зат болса, қолыңды көтермей отырасың. Қателескен бала тақпақ не ән айтады.

Екі рет жаңылса, айып шарты екі есе өседі. Мысалы, мынадай сөздер айттылады:

- Ұшты-ұшты, торғай ұшты! (қол көтеріледі)
- Ұшты-ұшты, тоғай ұшты! (қол көтерілмейді)
- Ұшты-ұшты, қарға ұшты! (қол көтеріледі)
- Ұшты-ұшты, арба ұшты! (қол көтерілмейді)

**2-тапсырма.** Әнді үйрену.

### ♪ **Кел, балалар, қүлейік**

Өлеңін жазған: Ш. Смаханұлы  
Әннін жазған: И. Нұсінбаев



1. Кел, балалар, қүлейік,  
Көңілденіп жүрейік.

Балдырғанбыз демейік,  
Өмір сырын білейік.

Қайырмасы:

Ойын – біздің досымыз,  
Ойын – көңіл-қошымыз.  
Зымырандай зуласын  
Алға тартқан көшіміз.

2. Бәрін көзбен көрейік,  
Тау гүлдерін терейік.  
Күле жүріп, күнгейге  
Дән маржанын егейік.

Қайырмасы.

- ?! •** Энді тында, мазмұнын талда.  
• Талап бойынша әнді орында.

**3-тапсырма.** Тындау. Талдау.

### **Көкпар**

Өлеңін жазған: Ж. Жақыпбаев  
Әнін жазған: А. Исағұлова

 **Көкпар** – қазақтың ұлттық ат спорты ойындарының бірі. Көкпар жігіттердің күш-жігерін, төзімділігін, батылдығы мен ептілігін қалыптастырады.



**Ойын** – көңіл көтеру әрекетінің бір түрі. Ойын адамды қызықтырып, еңбек етуге, білім алуға, шығармашылығы мен қиялын дамытуға, деңсаулығын сақтауға бейімдейді.

### **Бағалау.**

- «Кел, балалар, күлейік» әнін қалай орындадым?
- Энді орындағанда қандай қындықтар болды?
- Қазақ халқының ұлттық ойындары туралы не білдім?



## 24-сабак

## Аңыз-ертегілер және музыка

**1-тапсырма.** Тыңдау. Талдау.



Қазақ халқының аңыз-ертегілерінің өзіндік мәні бар. Олар адамның тұрмыс-тіршілігін, табиғатқа және Отанға деген сүйіспеншілігін баяндаиды. Бірақ аңыз берілгенде ертегінің айырмашылығы бар.

**Аңыз** – белгілі бір оқиғаның қиялдан гөрі шындыққа жақын түрі.

**Ертегі** – аудио әдебиетінің көне жанры, адамдардың қиялыштан туған оқиғалар.

 **Ақсақ құлан**  
(қазақтың халық күйі)



 Ертеде бір қатал хан өмір сүріпті. Бір күні оның ұлы құлан аулауға шығады.

Хан баласы үйірдегі құланның бірін атып жара-лайды. Ол атымен қызып жеткенде, құлан қарсы ша-уып, хан баласын теуіп өлтіреді.

Хан жүргегі сезгендей: «Кімде-кім баламды өлді десе, көмейіне қорғасын балқытып құйдыра-мын», – дейді.


Хан нәкерлері сол елдегі атақты күйшіге келіп, қазаны естіртуін сұрайды. Күйші хан сарайына келіп, қаралы хабарды күй арқылы жеткізеді. Бала-сының қазасын естіген хан домбыраның шанағына қорғасын балқытып құйдырады.

- ?! •** «Ақсақ құлан» аңыз-ертеғісін тыңда.
- «Ақсақ құлан» халық күйін тыңда.
  - Күй қандай көңіл күиде орындалды?
  - Торкөздерден жағдайға сәйкес келетін сипаттаманы тап. Өз ойынды айтып бер.

көңілді	мұнды	қуанышты	қайғылы	енжар
---------	-------	----------	---------	-------

**2-тапсырма.** Зерттеу.

### Домбыраның құрылымы



Домбыраның құлағын  
Келтіріп күйге бұрағын.

Достарыңды ертіп кел,  
Содан кейін шертіп бер.

(Абдрахман Асылбек)

**Домбыра** – қазақ халқының музикалық аспабы.



Күйді орындайтын адамды **күйші** деп атайды.  
Күйді тыңдайтын адамды **тыңдаушы** деп атайды.

**3-тапсырма.** Әнді орындау.

### ♪ **Достық вальсі**

(«Жыл басы кім болады?» музыкалық  
ертегісінен)

Өлеңін жазған: Р. Наурызбаева  
Әнін жазған: Ш. Құлманова



Тышқан, сиыр, барыс, қоян,  
Ұлу, жылан, жылқы, қой,  
Мешін, тауық, ит, доңызды  
Санап, жаттап, біліп қой.

**?! «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісін біле-  
сің бе?**

- Ертегіні бейнетаспадан көр.
- Ертегіде қандай жануарлар туралы айтылған?
- Жануарлар не үшін таласты?
- Соңында кім жеңді?
- Жаңа үйренген әнінде ертегіде аталған жануарлар бар ма?
- Әнді қайталап, мәнерлеп, әдемі орында. Вальс ырғағын ақырын шапалақта.
- Неге үйренген әнің «Достық вальсі» деп аталады?

### **Бағалау.**

- «Достық вальсі» әнін қалай орындағын?
- Әнді орындағанда қандай қызындықтар болды?
- Қазақ халқының қандай аңыз бер атегісін білдім?



25-сабақ

**Наурыз келді, алақай!**

**1-тапсырма.** Ойтольғау.

Наурыз – жыл басы. 22 наурызда күн мен тұн теңеледі. Наурыз мерекесін сен қалай тойлайсың? Басқа мерекелермен салыстырғанда оның ерекшелігі неде деп ойлайсың?

**2-тапсырма.** Энді орындау.

 **Наурыз**

Өлеңін жазған: М. Сарынов  
Әнін жазған: Б. Есдәuletова



Кел, балалар, ойнайық,  
Наурыз тойын тойлайық.  
Баянды боп мереке,  
Қыр гүліндей жайнайық.

## Қайырмасы:

Наурыз, наурыз, наурыз – жыл басы,  
Наурыз, наурыз – бақыт жалғасы.  
Наурыз, наурыз, наурыз – жыл басы,  
Наурыз, наурыз – бақыт жалғасы.

**?!** Әнді мұғалімнің талабы бойынша үйрен. Әннің мазмұнына және көңіл күйіне қарай сыныппен бірге мәнерлеп айт. Сұрақтарға жауап бер.

- Неге Наурыз мейрамын «жаңа жыл» деп атайды?
- Наурызды қазақ халқы қалай қарсы алады?
- Наурызда адамдар бір-біріне қандай тілектер айтады?

**3-тапсырма.** Шығармашылық.



### Наурыз – жыл басы

(концертке дайындық)

**Шарты.** 1. «Наурыз» әнінің екінші шумағын шығар. Оны тобыңмен талқыла. Тобыңмен бірге әннің ырғағын сақтап, дұрыс деген сөздерді үйқастырып қос.

«Наурыз келді ... ,  
Ән айтамыз ... .  
Атам, әжем той ... ,  
Қуанып жүр ... ».

2. Жаңа әннің мәтінін тобыңмен бірге айтып бер.  
Музыкалық сүйемелдеумен орында.
3. Әнді мәнерлеп орындау үшін динамикалық белгілерді сақта.
4. Әннің орындалуын бағала.

**?! Осы сабактың екінші жартысы сабак-концерт түрінде өткізіледі. Үйренген әндерден концерт бағдарламасын жасап, сыныппен бірге белсене қатыс.**

### **Бағалау.**

- «Наурыз» әнін қалай орындағын?
- Әнді орындағанда қандай қыындықтар болды?
- Наурыз мейрамы туралы не білдім?

## 7. ТАҒАМ МЕН СУСЫН



### Бөлімнен:

- пайдалы тағамдармен және сусындармен танысып, оларға әуен құрауды;
- тағамдардың қалай дайындалатынын сұрып-салма арқылы беруді;
- тағамдар мен сусындар туралы жұмбақтар шешуді;
- әннің шумағы мен қайырмасындағы биіктігін салыстыруды;
- жемістердің түсін, дәмін, пішінін ажыратуды;
- аспаптардың түрін, ойналуын, дыбысталуын ажыратып сипаттауды;
- жемістерді сапқа қойып, ырғақтық жүрісін аспаптармен соғуды

**үйренесің.**

### Музыкалық сауат:

- дыбыс биіктігі;
- ұрып-сілкіп ойналатын аспап;
- ысқышпен ойналатын аспап.

### Музыкалық ұғымдар:

- қобыз;
- дабыл;
- қоңырау;
- жетіген.



26-сабақ

## Тағамдар музыка әлемінде

1-тапсырма. Тыңдау. Орындау.



Дастарқан

Әнін жазған: К. Дүйсекеев

Өлеңін жазған: А. Нисаналин



1. Ей, халайық, халайық!  
Бар өнерге салайық.  
Ас ұсынып, бас тартқан,  
Жайылып тұр дастарқан.

## Қайырмасы:

Дастарқан-ау, дастарқан,  
Берекелі дастарқан,  
Мерекелі дастарқан-оу.

2. Айналайын ағайын,  
Үміт отын жағайын.  
Уайым-қайғы жоқ болсын,  
Қуанышың көп болсын.

## Қайырмасы.

- ?! • Суреттегі дастарқан үстіне қойылған тағам түрлері мен сусындарды ата.**
- «Дастарқан» әнінің мағынасына зейін қой, әуенін жадыңда сақта.
  - Әннің шумағы мен қайырмасындағы дыбыс биіктіктерін салыстыр.
  - Әнді мәнерлеп орында.

**2-тапсырма.** Зерттеу. Орындау.



**«Тағамдар»**

(ән-оыйын)

Тағам мен сусын түрлерінің қалай дайындалатынын білгің келсе, суырыпсалма ойынына қатыс.

- ?! • Кестедегі көк түсті сөздерге сәйкес қызыл түспен берілген сөздерді мағынасына қарай қойып орында.**
- Ән-оыйынды «Дастарқан» әнінің әуеніне салып айт.

Бірінші шумақ:	
Бауырсақ-ау, бауырсақ,	
Отқа, суға	піскен бауырсақ
Дәмі аузыңнан кетпейді	
Майға, шайға	піскен құырдақ
Қайырмасы:	
Қымыз, шұбат, сұзбе, айран	
Сүттен, балдан	бәрі алынған
Алма, шие, өрік – жеміс	
Сусын, тағам,	етіп ұсынған, ей!

**З-тапсырма.** Шығармашылық. Жұмбақтарды шешу.

1. Алға жайып тұз-дәмін,  
Келтіреді үй сәнін.  
Ол халқымның ақ жаны,  
Жақсы дәстүр маржаны.  
Кеңпейіл де арайлы,  
Осы жерден тарайды.
2. Үсті – тас, асты – тас,  
Ортасында піскен ас.  
Күрен қызыл түсі бар,  
Тағамдардың асылы.  
Қуат берер күші бар.
3. Сұйық еді аппақ,  
Бауырдай боп қатыпты,  
Ішсең дәмі тәтті-ақ.

4. Әрі сусын, әрі дәрі,  
Емге ішеді жас пен кәрі.  
«Малдың сүті, елдің құты»  
Деп бағалар жүрттың бәрі.
- Жұмбақтардың шешуіндегі тағамдар пайдалы ма?

### Бағалау.

- «Дастарқан» әнін қалай орындағы?
- Пайдалы тағамдар туралы не білдім?



27-сабак

### Тағамдарды ұсын

1-тапсырма. Зерттеу.



 Халқымыз қонақ келсе, дастарқаннан дәм татқызыбай жібермеген. Қонағына ең дәмді тағам-

дарын ұсынған. Сен өз достарыңа суреттегі дастар-қаннан қандай тағамдарды ұсынар едің?

- ?! •** Ұсынған тамақтарыңды не себептен таңдағаныңды айт (дәмді, денсаулыққа пайдалы).

**2-тапсырма.** Шығармашылық.



- ?! 1.** Суреттегі дастарқанның жоғарғы және төменгі жағына қойылған тағамдарға қара. Сыйлы қонағыңа қандай дәмді тағам ұсынар едің?
- 2.** Дастарқанның жоғарғы бөлігіндегі тағамдарды си-ныптастарыңа әуенде ұсын. Әуеніңе «Дастарқан» әнінің бірінші жолын пайдалан.

Үлгі: «Асан, міне, бауырсақ».

A - сан, мі - не, бау - ыр - сақ

3. Енді сыныптастарыңа дастарқанның төменгі жағына қойылған тағамдар мен сусын түрлерін ұсын. Әуеніңде «Дастарқан» әнінің қайырмасындағы бірінші жолды пайдалан.

Үлгі: «Жанар, міне, төрт алма».

Жа - нар, мі - не, төрт ал - ма.

**З-тапсырма.** Орындау.



### Ауылдың дәмі

Әнін жазғандар: Т. Тоқжанов, Ү. Ерниязов  
Өлеңін жазған: А. Рахметов

1. Самауырында қайнаған,  
Демдеп отыр шайды анам.  
Құрт, ірімшік, сарымай,  
Дастарқан түр жайнаған.

*Қайырмасы:*

Нанға жағып қаймағын,  
Ішіп қатық-айранын.  
Дастарқанда бас қосып,  
Думандатып тойладым.

2. Төрде отырған атамнан  
Асап бәрі татар дәм.  
Қолдарына су құйып,  
Қандай бақыт бата алған!

Қайырмасы:

Нанға жағып қаймағын,  
Ішіп қатық-айранын.  
Дастарқанда бас қосып,  
Думандатып тойладым.

- ?! •** • Энді үйрен, сөзіне көңіл бөл.  
• Энде қандай пайдалы тағамдар аталған?

**Бағалау.**

- Эн әуенінің қайсысын жоғары, қайсысын төмен орындағадым?



28-сабақ

Жемістер әуені



## 1-тапсырма. Талқылау.




Бау-бақшада өсетін хош иісті әрі дәмді жемістер мен көгөністі бәріміз де жақсы көреміз. Суретте ұсынылған жемістердің түрі мен түсін, жұмсақтығы мен қаттылығын, пішінін (көлемін), дәмін сипаттап бер. Мысалы:

Жеміс атауы	Түсі	Пішіні	Қаттылығы/ жұмсақтығы	Дәмі
	жасыл, көкшіл, сары, ашық сары	сопак, ірілігі орташа	ұстағанда қатты, іші жұмсақ	шырынды, тәтті
	қызыл, қоңыр қызыл	домалақ, жүрекке ұқсайды, алмұртқа қарағанда ұсақ	жұмсақ	тәттілеу, қышқылтым
	жасыл, сары, қызыл кулгін, қара	домалақ, ұзынша- сопақ	жұмсақ	шырынды, тәтті

## 2-тапсырма. Зерттеу.

- ?! •** Дабыл, қоңырау, қобyz аспаптарының үнін тыңда. Ойнау қимылын көрсет. Аспап дыбыстарына назар аудар.
- Жемістерге жасаған сипаттамаларынды қолданып, музыкалық аспаптарды да сипаттап айт. Көмекке мына үлгіні алының болады.

Музыкалық аспап атауы	Пішіні	Қаттылығы мен жұмсақтығы	Ойналуы (ұрып, үрлеп, сілкіп, таяқшамен, ысқышпен)	Аспапты ойнағанда естілетін дыбыстар
<b>Қобыз</b> 	Сопақ, алмұртқа үқсайды.	Қатты ағаштан жасалған. Бетіне тері жабыстырылған.	Ысқышпен ысып орындалады.	Ысқышпен ойнағанда музыкалық әдемі дыбыс шығады.

<b>Дабыл</b> 	Дәңгелек, туралған алмаға үқсайды.	Шеңбері ағаштан жасалып, қос беті терімен қапталған. Айналасына кішкене сылдырмактар тағылған.	Қолмен ұрып, тоқпақпен соғып ойнайды.	Соғылғанда шулы дыбыс естіледі.
<b>Қоңырау</b> 	Ұзындау, сопақша. Жүзімге үқсайды.	Қатты ағаштан жасалған. Ағашының жоғары жағынан төмен қарай сопақша, кішкентай қоңыраулар ілінген.	Қолмен және арнайы таяқшамен соғып орындейды.	Соғылғанда сыңғырлаған дыбыс естіледі.

**З-тапсырма.** Орындау.

### Жемістер

Әнін жазған: К. Қуатбаев  
Өлеңін жазған: Н. Жанаев



- Мен өрікпін, өрікпін,  
Бау-бақшаға көрікпін.

2. Мен алмамын, алмамын,  
Таңдай татыр, бал дәмім.
3. Мен шиемін, шиемін,  
Күннің көзін сүйемін.
4. Мен жүзіммін, жүзіммін,  
Моншақ болып тізілдім.

**?! «Жемістер» әнін мәнерлеп орында.**

### **Бағалау.**

- Қай музыкалық аспапты жақсы сипаттай алдым?
- Қобыз аспабы туралы не білдім?
- «Жемістер» әнін қалай орындарым?



29-сабақ

## **Жемістер**

**1-тапсырма.** Музыка тыңдау.

### **Бұлдірген**

Тауда өскен бұлдірген,  
Қырда өскен бұлдірген.  
Ағаларым болмаса,  
Қадірімді кім білген?!

**?! • «Бұлдірген» әні халық арасында кеңінен тарап, айттылып жүр. «Бұлдірген» әнін көбіне қыздар орын-дайды. Әнде ағаларының қарындастарына қамқор болатыны айттылған.**


- Эн қалай орындалды (жай, қатты, көңілді, көңілсіз)?
- Сен тындаған «Бұлдірген» әнін қай аспап сүйемелдеді (қобыз, домбыра, қоңырау, жетіген)?

### 2-тапсырма. Зерттеу.

Музыкалық аспап атауы	Қаттылығы мен жұмсақтығы	Ойналуы (ұрып, үрлеп, сілкіп, таяқшамен, ысқышпен)	Аспапты ойнағанда естілетін дыбыстыар
<b>Жетіген</b> 	Ағаштан жасалады. Жеті ішек тағылады.	Саусақ ұшымен теріп ойналады.	Нәзік, әдемі музикалық дыбыс шығады.


### 3-тапсырма. Шығармашылық.

#### «Жемістер маршы»



**?! «Жемістер»** әнін қайтала, өлең жолдарын есіңе түсір.  
Сыныптастарыңмен үш топқа бөлініңдер.

- Бірінші топ «Жемістер» әнін орындаиды.
- Екінші топ ән ырғағына саппен жүреді.
- Үшінші топ әнді төмендегідей ырғақта музикалық аспаптармен немесе қолмен соғып орындаиды.



### **Бағалау.**

- Бөлімнен қандай әндерді ұннattым?
- Қандай тапсырмаларды жақсы орындағым?

## 8. ДЕНІ САУДЫҢ – ЖАНЫ САУ



### **Бөлімнен:**

- музыка арқылы денені шынықтыруды;
- денсаулықты сақтаудың пайдасын әуенмен жеткізуді;
- отбасылық саулықтың маңыздылығын түсінуді;
- «шаңырақ», «отбасы», «денсаулық» ұғымдарына анықтама беруді;
- мектепте, сыйыпта сахналық қойылымдар қоюды

**үйренесің.**

### **Музыкалық сауат:**

- ән ырғағы;
- октава;
- сүйемелдеу;
- дыбыс қатары.

### **Музыкалық ұғымдар:**

- хор;
- жеке орындау;
- фестиваль;
- сахналық қойылым.



30-сабак

## Шынықсаң, шымыр боласың

**1-тапсырма.** Зерттеу.

«Шынықсаң, шымыр боласың» дегенді қалай түсінесің? Шынығу ол адамның суыққа, ыстыққа, түрлі қыындыққа төзімділігін арттырады. Шынығудың түрлері көп:

1) таза ауада серуендеу;

2) суға шомылу;

3) дене және спорттық жаттығулар жасау.

Күнде тұрып шынықсаң, шымыр болып өсесің.

**?! • Сен шынығудың қандай түрлерін ұнатасың?**

**2-тапсырма.** Орындау.



## Бәрі қызық балаға


Өлеңін жазған: С. Тұрғынбек

Әнін жазған: Д. Әбілдинов

1. Ат жалында ойнаймын,  
Терең суға бойлаймын.  
Күнге күйіп демалып,  
Денсаулықты ойлаймын.

Қайырмасы:

Жайлауға да барамын,  
Әсем әнге саламын.  
Тамашалап жүремін. } 2 рет



2. Таңнан тұрып жүгірем,  
Иілем де, бүгілем.  
Білімімді шыңдаймын,  
Кітап оқып тұнімен.

*Қайырмасы.*

- ?! 1.** Эннің 1-шумағының сөзі мен әуенін, қайырмасын үйрен.
2. Берілген өлең жолдарының мазмұнына қарай қи-  
мыл-қозғалыстар жаса:
- әннің кіріспесінде орнында тұрып, ән ырғағымен бірге жүріп келе жатқандай қозғалыс жаса;
  - әннің 1-жолында жылқы үстінде тізгінін ұстап тұрғандай қалыпта, ән ырғағымен өкшелерінді көтө-  
ріп-түсіріп, қимылдар көрсет;
  - 2-жолында ән ырғағымен қолдарынды кезекпен алға созып, жүзіп бара жатқандай қимыл жаса;

- үшінші және төртінші жолдарында қолдарыңды желкеңе айқастыра, белінді оңға-солға ән ырғағымен бұр.

**3-тапсырма.** Шығармашылық. Орындау.

**?! Төмендегі өлең жолдарын «Бәрі қызық балаға» әнінің әуеніне сал, жаттығу қимылдарын өзің ойластыр.**

Алға қадам басамын,  
Артқа қадам жасадым.  
Қолды биік көтеріп,  
Былай жұмып, ашамын.

*Қайырмасы:*

Қарайықшы далаға,      }  
Барайықшы жағаға,      } 2 рет  
Бәрі қызық балаға.

Оңға бұрып мойынды,  
Солға бұрып мойынды,  
Сергіп қалдық, алақай!  
Шаршау бойдан жойылды.

*Қайырмасы.*

- Жасаған қимыл-қозғалыстарын музыкалық ырғаққа сәйкес келе ме?

**Бағалау.**

- Әндегі қимыл-қозғалысты музыкалық ырғаққа сәйкес қалай орыннадым?
- «Бәрі қызық балаға» әнін орындағанда қандай қыындықтарға кездестім?



## 31-сабақ

**Басты байлық – денсаулық****1-тапсырма.** Талқылау.

 Бірде Асан қатты ауырып, анасы үйіне дәрігер шақырды. Дәрігер Асанға уақытымен та-мақтанып, ән салуға кеңес берді. Әннің денсау-лыққа қандай пайдасы барын түсінбеген Асан му-зыка мұғалімінен сұрауды үйіндерди. Сонда апайы: «Мен саған денің сау болуының жеті сырын аша-йын, – деді. – Олар:

1. Тазалықты сақтау.



2. Күн тәртібін сақтау (уақытымен тамақтану, ұйықтау, сабаққа дайындалу).

3. Дұрыс тамақтану.



4. Денені шынықтыру (сабақта тік отыру, суға шомылу, спорт түрлеріне қатысу, жүгіру).

5. Таза ауада серуендеу.

6. Еңбек ету, сабырлы, сенімді болу.

7. Музыка тыңдау мен ән айту жақсы көңіл қүй сыйлайды, адамға жақсы әсер етеді».

## 2-тапсырма. Шығармашылық. Орындау.

Денсаулықты сақтаудың жеті сырын музыкалық әуен арқылы жеткіз.

Та - за - лық - ты сақ - тау. Күн тэр - ті - бін сақ - тау. Да - рыс та - мақ -  
6  
та - ну. Де - не шы - нық - ты - ру. Му - зы - ка - мен эн са - лу.  
До ре ми фа соль ля си до До си ля соль фа ми ре до

- Бірінші *до*-дан екінші *до-фа* дейінгі дыбыс қатарын таза орында.

Екі ***до*** (төменгі-жоғарғы) ноталардың ара-лығын музыкада **«октава»** деп атайды.



## 3-тапсырма. Орындау.



Әнін жазған: Ш. Қалдаяқов  
Өлеңін жазған: О. Әубакіров

1. Қуанышқа бөлөнген әр күніміз,  
Бақыттымыз, балалар, барлығымыз.

Қайырмасы:

Өмір тым жайдары,  
Қызықтың қайнары,  
Бақшамыз жайнады.

} 2 рет

2. Біз Отанның балдырған ұланымыз,  
Әдептілік, батылдық – ұранымыз.

Қайырмасы:

Өмір тым жайдары,  
Қызықтың қайнары,  
Бақшамыз жайнады.

} 2 рет

**?! .** Энді көнілді орында.

**Бағалау.**

- Дені сау болудың жеті сыры туралы не білдім?
- Жеті нотаны ретіне қарай қалай орындарым?



32-сабак

## Отбасы саулығы – шаңырақ байлығы

**1-тапсырма.** Зерттеу. Талқылау.

 Мектептегі сабағың мен денсаулығыңа қамқор болатын мұғалім. Үйдегі қамқоршыла-

рың – ата-анаң, отбасың. Ата-анаң уақытымен тамақтануыңды, үйқыңды, сабаққа дайындалуыңды қадағалайды. Көңіл күйінді де бақылап отырады. Қазақтың қай шаңырағы болсын, өз үрпағының денсаулығын басты байлығы деп білген.

Ата-бабамыз киіз үй бөліктері ішінен шаңырақты ерекше бағалаған. Киіз үйді тіккенде шаңырақты бақанмен көтереді. Оған уықтарды шанши отырып, уық ұшын кереге бастарына байлайды. Сол кезде Құн бейнелі әдемі күмбез пішін пайда болады.



**?** Суретте шаңырақты бақанмен атасы көтеріп тұр. Ал уықтарды әкесі мен балалары керегеге байлап жатыр. Мұның мәні неде деп ойлайсың?

- Отбасынды бағала, үнемі көтеріңкі көңіл қүйде бол.
- «Дені саудың – жаны сау» дегенді есіне сақта!

**2-тапсырма.** Орындау.



## Шаңырақ

Өлеңін жазған: А. Рахметов

Әнін жазғандар: Т. Тоқжанов, Ү. Ерниязов

1. Шаңырағым – тірегім,  
Мақтанып мен жүремін.  
Босаға бас иіп,  
Төрінде ойнап-күлемін.

*Қайырмасы:*

Керіледі кереге,  
Уық шаншып төбеге.  
Шаңырақты қастерлеп,  
Алып үлгі, өнеге.  
Киіз үйде өскенбіз  
Алып үлгі, өнеге.

2. Жалғасып жол жүйесі,  
Келер ырыс киесі.  
Біз боламыз өскенде  
Шаңырақтың иесі.

*Қайырмасы.*

- ?! •** Энді мұқият тыңда, орында.  
• Оның сөзі мен әуеніне назар аудар.

### 3-тапсырма. Шығармашылық. Жұмбақты шешу.

1. Көрсөң, алып тор жолды параптай,  
Жайсан, қатарлап сызған жолақтай.
2. Келсөң жолды ашады,  
Кетсөң жолды жабады.



3. Бір басы имек,  
Бір басы үшкір сырық,  
Қатар-қатар тұрып,  
Күмбез сынды шенберді  
Кекке тіктеп көтерді.



4. Дәу шеңбер шатыры  
Ақ жаулық жамылды.

5. Үқсайтын шеңберге  
Қабырғасы жиылдып, керіледі,  
Жиһазы мол кең бөлме  
Төбесінен жұлдыздар көрінеді.

#### Бағалау.

- «Отбасы саулығы – шаңырақ байлығы» туралы не білдім?
- «Шаңырақ» әнін қалай орындағым?



## 33-сабақ

### Музыкалық шаңырақ

1-тапсырма. Зерттеу.



- ?**
1. 134-беттегі суреттерге қарап, өзің үйренген музикалық шығармаларыңды есіңе түсір. Оларды өткен ретіне қарай дұрыс жолын тауып, музикалық шаңыраққа апар.
  2. Музикалық ұғымдардың анықтамаларын дұрыс сәйкестендіріп айт.

Ұғым	Анықтама
Халық әні	дыбыс күшін көрсететін белгілер
Күй	әнді шығарған адамның есімі ертеректе ұмыт болып, халық арасында кең таралып кеткен
Форте, пиано	домбырада және басқа да халық аспаптарында орындалатын музикалық шығарма

**2-тапсырма.** Шығармашылық. «Өнер фестиваліне» қатыс.

 Фестиваль – өнердің қай түрінен болсын, адамдардың жетістіктерін көрсететін мерекелік іс-шара. Сен де жыл бойы үйренген әндерінді достарыңмен бірге хормен айтып, жеке ән орындалап, аспаппен сүйемелдеп, би билеп, сыныптық қойылымға қатыс.

## «Өнер фестивалі» атты сыныптық қойылым



Үлгі:

**Әтілетін орын** – мектеп, сынып.

**Безендірулер**: тақырыпқа байланысты оқушылар салған суреттер, жинаған фотоальбомдар, түрлі түсті шарлар, плакатқа жазылған нақыл сөздер, оқушылар костюмдері, музикалық ұрмалы аспаптар және т.б.

**Қатысушылар**: жүргізуші, әншілер, хор, бишілер.

**«Сарыарқа»** күйімен сахнаға жүргізуі шығады.

**Жүргізуши:** – Армысыздар, құрметті ұстаздар, оқушылар және қонақтар! «Өнер фестиваліне» қош келдіңіздер!

Менің туған жерім, Отаным – Қазақстан! Біз жеріміздің сұлулығымен, халықтың бірлігімен мақтанамыз.

Егемендік алған елімізді әлем таниды.

**Жүргізуши:** – Фестивалімізді «**Бала тілегі**» әнімен ашуға рұқсат етіңіздер (өлеңін жазған: О. Сәндібек, әнін жазғандар: Т. Тоқжанов, Ү. Ерниязов, шумақты хор, қайырмасын жеке орындаушы орындайды).

1. Гүл жайнаған осы елім,  
Бақытты өмір кешемін.  
Ата-анамды қуантып,  
Ақылды болып өсемін.

**Қайырмасы:**

Мен – анамның Ай-Күні,  
Мен – әкемнің байлығы.  
Биши болам белгілі,  
Әнші болам әйгілі.

Би билеймін, ән салам,  
Қызықтасын барша адам.  
Мен ертең-ақ жетемін  
Арманыма аңсаған.

2. Мен інімді ерекше,  
Өте жақсы көремін.  
Алыс кетсем, сағынып,  
Тез-ақ жетіп келемін.

Қайырмасы.

**Жүргізуши:** – «Мектеп» атты білім ордасында мен жаңа достармен табыстым. Олармен бірге көп нәрсені үйрендім. Келесі тыңдайтындарыңыз: **«Сәлем, досым менің!»** әні (өлеңін жазған: A. Рахметов, әнін жазғандар: Т. Тоқжанов, Н. Мирманов).

Асыр салып, ойнап,  
Бірге күліп, жайнап  
Жүретүғын осындай,  
Достарым бар әйбат.

Биіктерге беттеп,  
Жамандықтан шеттеп  
Жұру үшін өнеге  
Үйретеді мектеп.

Қайырмасы:

Білім тәтті балдан,  
Орындалар арман.  
Достарым бар қарсы алып,  
Құшақ жаяр алдан.

Құрметтейтін елін,  
Ата дәстүр, жерін.  
Біз осындай боламыз,  
Сәлем, досым менің!

**Жүргізуши:** – Халқымыз қонақ келсе, дастарқаннан дәм татқызбай жібермеген. Құрметті қонақтар, жемістерден дәм татыңыздар.

(Сахнада «Жемістер» әні орындалып, ырғағы үрмалы аспаптармен сүйемелденеді).

**Жүргізуши:** – Бүгін сіздер біздің өнерімізді тамашаладыңыздар. Осымен «Өнер фестивалі» атты сыныптық қойылымымыз аяқталды. Назарларыңызға рақмет!

Хор «Шаңырақ» әнін орындаиды. Сахнаға барлық қатысушылар шығып, бастарын иіп, алғыс айтады.

## Глоссарий

**Аңыз** – белгілі бір оқиғаның қиялдан гөрі шындыққа жақын түрі.

**Би** – дене қимылымен музикалық ырғаққа сай көрсетілетін өнер.

**Вальс** – екі адамның жұптасып билейтін биі, бір, екі, үшке саналады.

**Дабыл** – ұрып ойналатын қазақ халқының музикалық аспабы.

**Динамика** грек тілінде «күшету» деген сөзді білдіреді. Динамика музикалық дыбыс күштерін азайту немесе күшету дәрежесін көрсетеді. Музикалық шығармаларда динамика итальян тілінде белгіленеді.

**Домбыра** – қазақ халқының музикалық аспабы.

**Екпін** музикалық шығарманың орындалу кезіндегі жылдамдықты көрсетеді. Екпін *баяу, орташа, жылдам* болады.

**Ертегі** – ауыз әдебиетінің көне жанры, адамдардың қиялынан туған оқиғалар.

**Күй** – халық аспаптарында орындалатын музикалық шығарма.

**Күйші** – күйді орындаитын адам.

**Қобыз** – ысқышпен ысып ойналатын қазақ халқының музикалық аспабы.

**Қоңырау** – қолмен және арнайы таяқшамен ұрып ойналатын қазақ халқының музикалық аспабы.

**Нота** – музикалық дыбыстардың жазылу белгісі.

**Ойын** – көңіл көтеру әрекетінің бір түрі.

**Суырыпсалма** – арнайы дайындықсыз, кез келген тақырыпта тез арада өлең, тақпақ, ән, күй шығару.

**Тембр** – адамның дауысына немесе аспаптың үніне өзіндік бояу беретін дыбыстың сапасы.

**Тұсауқесер** – бала алғаш қадам басқанда тез жүріп кетсін деп жасалатын ырым.

**Фестиваль** – өнердің қай түрінен болсын, адамдардың жетістіктерін көрсететін мерекелік іс-шара.

**Шілдехана** – дүниеге келген нәрестеге жасалатын алғашқы той.

## Жұмбақтардың шешуі

### 17-бет

1. көл
2. бұлбұл
3. түйе
4. Күн

### 112-бет

1. дастарқан
2. таба нан
3. айран
4. қымыз

### 133-бет

1. кереге
2. есік
3. шаңырақ
4. түңлік
5. киіз үй

# МАЗМҰНЫ

Алғы сөз..... 3

## **1-бөлім. Өзім туралы**

1-сабақ. Мен және менің Отаным .....	6
2-сабақ. Өзімді таныстыру.....	10
3-сабақ. Әнші болғым келеді .....	13
4-сабақ. Менің сүйікті ойыным .....	17

## **2-бөлім. Менің мектебім**

5-сабақ. Мен және менің мектебім.....	24
6-сабақ. Мектептегі достарым .....	27
7-сабақ. Мектеп үйірмесі .....	30
8-сабақ. Қызықты тапсырмалар.....	33

## **3-бөлім. Менің отбасым және достарым**

9-сабақ. Отбасылық ертегі .....	42
10-сабақ. Менің достарым .....	46
11-сабақ. Менің кішкентай достарым.....	50
12-сабақ. Қоңыржылдық оқиға .....	54

## **4-бөлім. Бізді қоршаған әлем**

13-сабақ. Ая аудио .....	59
14-сабақ. Су туралы ән .....	61
15-сабақ. Музыкалық табиғат суреті .....	65
16-сабақ. Жаңа жылға сый .....	68

## **5-бөлім. Саяхат**

17-сабақ. Музыкалық серуен .....	74
18-сабақ. Қоңыржылдық оқиға .....	76
19-сабақ. Атпен серуендеу .....	80
20-сабақ. Жайлауға сапар .....	83

**6-бөлім. Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті**

21-сабақ. Балаларға арналған әндер .....	87
22-сабақ. Төрт түлікке арналған әндер мен қүйлер.....	91
23-сабақ. Музыкадағы халық ойындары.....	95
24-сабақ. Аңыз-ертеғілер және музыка.....	99
25-сабақ. Наурыз келді, алақай! .....	104

**7-бөлім. Тағам мен сусын**

26-сабақ. Тағамдар музыка әлемінде.....	110
27-сабақ. Тағамдарды ұсын .....	113
28-сабақ. Жемістер әуені .....	116
29-сабақ. Жемістер.....	120

**8-бөлім. Дені саудың – жаны сау**

30-сабақ. Шынықсан, шымыр боласың .....	125
31-сабақ. Басты байлық – денсаулық.....	128
32-сабақ. Отбасы саулығы – шаңырақ байлығы.....	130
33-сабақ. Музыкалық шаңырақ.....	134
Глоссарий.....	140
Жұмбақтардың шешуі.....	141

Оқу басылымы

**Құлманова Шолпан Берібайқызы  
Сүлейменова Бота Раманқұлқызы  
Тоқжанов Төлепберген Төрахметұлы**

## **МУЗЫКА**

Жалпы білім беретін мектептің 1-сыныбына арналған оқулық

Редакторы *P. Райбаева*  
Көркемдеуші редакторы *A. Лукманов*  
Суретшісі *G. Исқакова*  
Техникалық редакторы *Ұ. Рысалиева*  
Корректоры *E. Амангелді*  
Компьютерде беттеген *C. Төлегенова*

ИБ № 007

Теруге 11.01.2021 берілді. Басуға 14.06.2021 қол қойылды. Пішімі 70x100 1/<sub>16</sub>.  
Офсеттік басылым. Офсеттік қағаз. Шартты баспа табағы 11,7. Есептік баспа табағы 6,07.  
Таралымы 200 000 дана. Тапсырыс №5893.

«Атамұра» корпорациясы» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.

Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясы» ЖШС-нің Полиграфкомбинаты,  
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.

